За последние пять лет прошли практику в Архиве 270 студентов 3 и 4 курсов бакалавриата, а также магистранты 1 и 2 курсов КазНУ им. аль-Фараби.

№	2012 г.	2013 г.	2014 г.	2015 г.	2016 г.	Всего студентов
1.	71	76	21	26	76	270

Поскольку Архив заинтересован в подготовке для себя качественных специалистов, которые на выпуске владеют не только теоретическими знаниями, но и нужными практическими навыками, с прошлого 2016 г. на базе Архива, по договоренности с историческим факультетом, стали практиковаться проведение части практических занятий для студентов-архивистов. Как показал опыт реализации этого пионерного проекта по участию работодателя в непосредственной подготовке кадров с вузом, это позволяет студентам намного лучше освоить и иметь представления о производственном процессе архивного дела. Практические занятия для студентов позволяют не только проверить свои знания и получить профессиональные навыки, но и познакомиться с профессиональной средой и определить приоритеты своего будущего.

Участие Архива в учебном процессе носит самый активный характер: с подачи наших специалистов в учебную программу специальности «Архивоведение, документоведение и документационное обеспечение» на факультета истории, археологии и этнологии, были предложены и уже интегрированы в учебный процесс ряд узкопрофильных учебных дисциплин: «Автоматизированные архивные технологии», «Электронный архив» – в программы бакалавриата, «Компьютерные и сетевые технологии в решении задач исторического исследования», «Историческая информатика» – для магистерских и докторских программ).

Проведение практических занятий на базе Архива, внедрение в учебный процесс новых современных учебных предметов является закономерным для Архива Президента РК. Архив обладает сегодня новейшими информационными техническими средствами для решения задач профессиональной деятельности, в Архиве работают высококвалифицированные кадры.

Сотрудничество Архива с КазНУ заключается не только в участии в учебном процессе. Это и научно-исследовательская работа. Уже второй год, совместно с ведущими учеными КазНУ, а также с привлечением магистрантов, Архив реализует два научно-исследовательских проекта, связанных с изучением бывших военнопленных в годы ВОВ («Военнопленные-казахстанцы Второй мировой войны: литература, источники и база данных») и второй – с изучением истории голода 1930-х годов в Казахстане («Голод 1930-х гг. в Казахстане: документы и факты»).

Если еще недавно в Архиве Президента РК, как и в большинстве архивов не только Казахстана, но и многих зарубежных стран, основную часть работников составляли специалисты зрелого возраста, то теперь это – молодые кадры. За последние годы количество сотрудников старше 50 лет уменьшилось, а доля сотрудников моложе 35 лет увеличилась. Произошло омоложение коллектива. Сегодня средний возраст работника составляет 37 лет. И для повышения роли молодых специалистов в деятельности Архива в феврале 2015 г. был создан Совет молодых архивистов, который объединил всех сотрудников до 35 лет. Сегодня в Совете молодых архивистов – 28.

Советом молодых архивистов достигнуто главное – произошло активизация профессиональной деятельности молодежи. В ноябре 2015 г. состоялся I республиканский конкурс молодых архивистов. Уже второй год подряд Совет молодых архивистов проводит открытый турнир по волейболу, где принимает участие и команда студентов-архивистов исторического факультета КазНУ им. аль-Фараби, организывает совместно с КазНУ им. аль-Фараби олимпиаду для студентов исторических факультетов, специализирующихся по архивоведению – одной из дисциплин исторической науки. Одной из поставленных целей организации олимпиады является повышение престижа профессии архивиста. В двух олимпиадах за два года приняли участие около 30 студентов КазНУ им. аль-Фараби.

Студенты исторического факультета посещают различные мероприятия Архива, в том числе историко-документальные выставки, круглые столы, встречи с известными учеными историками. Многим, думаю, запомнились мероприятия Совета молодых архивистов – круглые столы с участием ученого-историка Мамбета Койгельдиева, писателем Бексултана Нуржекеева, встречи с зарубежными исследователями Марией Блэквуд, Наоми Бет Кафей и Дональдом Рейли и многими др. Отдельно со студентами ведущих вузов Казахстана: Казахского национального университета им. аль-Фараби, Казахского университета международных отношений и мировых языков им. Абылай хана, Назарбаев Университета, проходят тематические встречи. Одна из них – прошедшая в 2016 г. (9 июня) тематическая встреча на тему: «Нация единого будущего». Мероприятие было посвящено обсуждению Патриотического акта «Мәңгілік ел» и приурочено к 25-летию Независимости Республики Казахстан. Проведение гостевых встреч, в которых принимают участие студенты и практиканты исторического факультета – стало повседневной практикой в работе Архива. Это служит решению задач профессиональной ориентации молодых людей, повышению интереса к будущей работе по специальности.

Сотрудничество между Архивом Президента РК и КазНУ им. аль-Фараби продолжается очень давно и имеет уже сложившуюся традицию. И как работодатель, Архив заинтересован в качественной вузовской подготовке молодых специалистов, которые затем приходят трудоустроиваться.

*Ә. Сүлейменова,
Жинақтау және құжаттама
басқармасының бас сарапшысы,*

Атырау облысындағы архив мекемелері қызметкерлерімен кездесу

2017 жылғы 18 мамырда Атырау қаласында Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві мен Атырау облыстық Мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы, Атырау облыстық мемлекеттік архиві және облыстағы аудандық, қалалық архив басшыларының, қызметкерлерінің өкілдерінің қатысуымен семинар-кеңес өткізілді.

Семинар-кеңесті Атырау облыстық мемлекеттік архивінің басшысы А. Нсанғалиев ашып, жүргізіп отырды.

Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің директоры Б. Жапаров: «Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві еліміздегі өзге де архивтермен және дамыған елдердің архивтердің жұмысымен мұқият танысып, жаңа тарих саласындағы жұмыстарға байланысты тәжірбие алмасып, ғылыми әдістемелік көмек көрсетіп отырады. Биылғы жылдың өзінде Қазақстанның бірнеше облыстарын аралап, ғылыми конференциялар, дөңгелек үстелдер ұйымдастырылды, аймақтағы ахуалмен танысу жұмыстары жалғастырылуда».

Архив директоры Архивтің құрылу тарихы, атқарып отырған жұмысы, қол жеткізген жетістіктері туралы кеңінен баяндап берді. Архивте қолға алынған ғылыми жобалар жөнінде айта келіп, «Электрондық архив» жобасына кеңінен тоқталып өтті. Архив саласының дамуына уәкілетті органның бір министрліктің құрамына, кейін басқа министрліктің құзырына ауыстыратын әдеттің зиянды әсеріне назар аударды. Қарапайым мысалмен салыстырар болсақ, елімізде алтын, валюта және сол сияқты маңызды қорлар бар, сол секілді мемлекеттің бар тарихын сақтап отырған архив қоры да бар. Бірақ сол қорды басқаратын бірыңғай мемлекеттік вертикаль жоқ. Өткен жылғы сәуір айында Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путин өзінің Жарлығымен Мәдениет министріне бағынып келген Федералды архив агенттігін тікелей Президентке бағындырды. АҚШ-тың өзінде де архив тікелей Президентке бағынады.

Сонымен қатар ол өз сөзінде еліміздегі облыстық архивтер толығымен облыстық әкімшіліктердің қарамағында. Архив ісінің маңыздылығын түсінген облыс әкімдері қолдан келген көмегін беріп отырады. Аймақтағы архивтер бір облыста тіл басқармасының құрамында, екінші облыста мәдениеттің ішінде араласып кеткен. Жоғарыдан «архив мәселесін ұмытпаңдар» деген тапсырма берілгеннен кейін әкімдіктер амалсыз басқармалардың біреуіне қосақтап қоюды әдетке айналдырған. Бұл мәселені мемлекеттік деңгейде шешетін мезгілдің жеткендігін атап өтті.

«Қазақстанның мемлекеттік архивтерінде 22 млн-нан астам іс бірлігі сақтаулы, оның ішінде Ұлттық архив қорына кіретін істер бар. Ұлттық архив қорына түскен әр құжатты тұрақты сақтауға өткізген соң, оны сақтауды да қамтамасыз ету керек. Ұрпақтар ауысса да, архив құжаттары қалады. Тұрақты сақтауға алынған ұлттық қорды көздің қарашығындай қорғап, сол қалпында ұстап отыру – архив қызметкерлерінің қасиетті борышы».

Өңімелесу, пікір алмасу форматында өткен басқосуда Атырау облысының архив мекемелерінің басшылары да қордаланған, шешуін күтіп отырған келелі мәселелер туралы пікірлерін ортаға салды.

Атырау облыстық мемлекеттік архивінің директоры А. Нсанғалиев архив мекемелерінің өзін-өзі қаржыландыруына көп септігін тигізетін ақылы қызмет түрінің қайта қалпына келтірілгендігі дұрыс деп өз пікірін білдірді. Республикалық мемлекеттік архивтер мен республикалық маңыздағы қалалардың архивтерінің жағдайы мен облыстық, аудандық деңгейдегі мемлекеттік архивтердің жағдайы жер менен көктей деген баға берді.

Құрманғазы аудандық мемлекеттік архивінің директоры Ғ. Қалиев: «Бүгінгі біздің жиынымызға облыстық мәдениет және құжаттама және архивтер басқармасының басшысының қатысқаны жөн болар еді. Өзара тәжірибе алмасу, пікір алысу үшін архивистердің жиі бас қосып, құжаттандыру, құжат айналымы, ведомстволық сақтау, ар-

хив ісі, архив құжаттарын пайдалану мен ғылыми жариялау және т. б. мәселелер төңірегінде пікір алмасу үшін түрлі деңгейдегі жиындардың жиі өткендігі дұрыс екендігін айтты. Басқарма тарапынан қызметкерлердің білімін жетілдіру курсына баруға міндеттеген хат келеді, біз оған іссапар жасау үшін қажетті қаржының болмауына байланысты курсқа бара алмаймыз деген сипатта жауап жазамыз. Бұл тіпті бірнеше мәрте қайталанды да, соңынан өзіміз тікелей байланысқа шығып, қаржы аударылса біз баруға қарсы емеспіз деп те айттық. Сондықтан қаржыландыру, материалдық-техникалық базаны жақсарту мәселелерін талқылаған кезде уәкілетті органның архив саласына оң көзімен қарағандығын қалар едік. Сөз соңында Ғ. Қалиев Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің бүгінгі жасап отырған іс-шарасының облыстағы архив мекемелері үшін үлкен көмек екендігін жеткізді. Облыстағы архив мекемелерінің жұмысына серпіліс әкелетін іс-шараны ұйымдастырғаны үшін Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің директоры Б. Жапаровқа алғысын білдірді.

Махат ауданының директоры Ә. Мырзағалиева аудандық архивке қабылданып жатқан 1995 жылғы құжаттар орыс тілінде дайындалғандығын, тізімдемені дайындау барысында сарапшылар істегі құжаттарды қазақ тіліне аударуға талап қоятындығын айтты. Сонымен қатар мемлекеттік деңгейде жүргізіліп жатқан «Электрондық архив» бағдарламасы бойынша сандық форматқа 18 пайызға өткенімен, оны жүзеге асыруда кездесетін қиындықтардың көп екендігін жеткізді. Атап айтқанда материалдық-техникалық базаның жетіспеушілігі, компьютерлік техниканың заманауи технологиядан кешеуілдеп қалғандығы жұмыстарды жөнге қоюға кедергі болуда екендігін атап көрсетті.

Семинар-кеңес барысында архивтану, құжаттандыру, құжат айналымы, ҚР Ұлттық архив қорының құжаттарын сақтау мен мемлекеттік есепке алу барысындағы кездесетін мәселелер төңірегінде әңгіме қозғалды. Кездесу жылы шырайлы сипатта, іскерлік бағытта өтті. Тараптар келешектегі жұмыс жоспарына бірлескен жобалардың молынан болуына тілектестік білдіріп, архив саласының келелі мәселелерін көтеретін жиындар мен басқосулардың тәжірибе алмасуға мол септігін тигізетіндігін атап өтті.

*С. Смағұлова,
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих
және этнология институты
директорының орынбасары,
т. ғ. д, доцент*

Латын әліпбиі: тарихы мен сабағы

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғырту» атты мақаласында таяу жылдардағы міндеттердің біріне қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастау қажеттігін, қазақ тілі әліпбиінің тың тереңнен тамыр тартатынын айта отырып, қазақ даласында қолданылған жазулардың тарихын саралап берген еді.

Негізінде Президентіміз Н. Назарбаев 2007 жылғы 27 ақпандағы «Жаңа әлемге жаңа Қазақстан» атты жолдауында еліміздегі қазақ жазуын латын әрпіне көшудің маңыздылығын көрсеткен еді. Қазақ жазуын латын әрпіне көшірудің концепциясы Қазақстан халықтары Ассамблеясының XII сессиясында да айқындалған болатын.

Латын әліпбиіне қатысты мәселелер қазіргі таңда халық арасында қызу талқылауға алынып, түрлі ой-пікірлер, ұсыныстар айтылуда. Халық арасында жүргізілген сауалнамалардан олардың басымы латын әліпбиіне көшуді қуаттап отырғанын аңғару қиын емес. Сауалнама берушілердің барлығы да латын әліпбиіне көшудің тансық еместігін, бұл жазуға көшуде тәжірибеміздің барлығын бір ауыздан құптап отыр. Елбасы көрсеткендей, қазақ даласындағы жазудың тамыры ерте ортағасырда жатыр. Көне түркілердің руникалық жазуы, одан кейінгі араб әрібіндегі жазудың ғасырлар бойы қолданылып, қаншама еңбектердің осы әліпби негізінде жазылуы, міне, осының айғағы.

Ал XX ғасырда Қазақстанда қандай жазу қолданылды? Латын әліпбиін енгізуде жүзеге асырылған іс-шаралар бар ма? Енді осы мәселеге тоқталайық.

XX ғасырдың басынан 40-жылға дейінгі аралықта Қазақстанда жазу мәселесі үш рет өзгеріске ұшырады. Ғасыр басынан қазақ жұрты арасында, мерзімді басылымда, мектеп-медреселерде кең түрде қолданылып келген араб жазуындағы әліпби болса, кеңестік жүйе орныққаннан кейін XX ғасырдың 20-40 жылдары Қазақстанда жазуды өзгертуге байланысты екі бірдей реформа іске асырылды. Оның бірі – 1930 жылдың басында араб жазуынан латын әліпбиіне, екіншісі – 1940 жылы латындандырылған қазақ жазуын орыс графикасы негізіндегі жаңа әліпбиге көшіру болды.

Ең алғашқы А. Байтұрсыновтың құрастырумен қазақ тіліне икемделген араб жазуындағы әліпбиі 1913 жылдардан бастап Қазақстанның мектеп-медреселерінде қолданыла бастады. Оның бұл әліпбиін қазақ жұртшылығы, әсіресе мұғалімдер қауымы ешбір талассыз қабылдады. Мұның себебін ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі, ф.ғ.д. Р. Сыздықова қазақ тілінің табиғатына, яғни сингармонизм заңдылығына сүйеніп, ғылыми негізде жасалған әліпби ретінде бағалады [1].

Араб таңбаларын қазақ тілінің фонетикалық табиғатына лайықтап жасалған «жаңа емлемен» бірнеше жаңа оқулықтар жарық көрді. 20-жылдардың басында А. Байтұрсыновтың «Төте жазу әліппесі» халық арасында кең қолдау тауып, 1924 жылы маусым айында Орынборда өткен қазақ-қырғыз білімпаздарының тұңғыш съезінде араб әріпіне лайықтанған қазақ графикасы қабылданды. А. Байтұрсыновтың «Төте жазу әліппесі» зиялылар тарапынан қолдау тапқанымен, латын жазуына көшу мәселесі кең етек алғандықтан, араб жазуына қарсы шығушылардың қатары күннен-күнге көбейе түсті.

Кеңес үкімет латын жазуына көшу мәселесін жоғарғы жақтан жүргізу қажеттігін түсінді. Сондықтан 20-жылдары әліпбиді (алфавитті) алмастыру мәселесін қолға ала бастады. Оның себебін XX ғасырдың бірінші ширегінде Түркия, Иран, Әзірбайжан және Орта Азияның алдыңғы қатарлы зиялылары тарихи-лингвистикалық сараптау негізінде араб жазуының олардың елдеріндегі халықтар тілінің табиғатына сәйкес келмейді деген тұжырым жасауынан деп түсіндірді.

Араб әріпінен латын әріпіне көшу шарасын іске асыруда үкімет тарапынан арнайы дайындық жұмыстары жүргізілгені белгілі. Латын әліпбиіне көшпес бұрын осы мәселе

төңірегінде мерзімді басылымдарда арнайы айдармен пікір-таластар өткізіліп, түрлі ойлар ортаға салынды.

Комиссияның ұйғарымы бойынша жаңа әліпбидің жобасы жасалып, оны талқыға салу үшін үкімет орындарына тапсырылды. 1921 жылы қазанда Әзірбайжан баспасөздерінде тіл, жазу, емле мәселелері қозғалды. Тез арада істі жүзеге асыратын комиссия құру мәселесі де көтерілді. Әзербайжанның зиялы қауым өкілдері мен оқытушылары үкімет алдына әліпбиді өзгертіп, латын жазуына көшу мәселесін қоя білді. Осылайша 1922 жылы түркі халықтары жазуын реформалаудың бастамашылары Әзірбайжан ғалымдары болды.

Әзірбайжан зиялылары 1922 жылы «Жаңа әліппе комитетін» құрып, жаңа әріп негізінде осы жылдан бастап латын әрібінде бірнеше әдебиеттер шығарылып, халықтың талқысына салынды. Мектептер үшін латын әріпінде I және II сатылы оқулықтар, құралдар және әдебиеттер даярланды. Мерзімді басылымдарда көтерілген бұл мәселе төңірегіндегі айтыстардан кейін 1924 жылы Әзірбайжан үкіметі латын әліппесінің негізінде құрылған жаңа әліппе шығару турасында декрет қабылдады [2].

Түркіменстанда жаңа әліпби комитеті 1926 жылы ашылып, 100 пұт латын әрібін алдыртып, 400 оқытушыны даярлауға және латыншылар ұйымын ашуға кіріссе, ал Өзбекстанда латыншылар қозғалысы қызу жұмыс жүргізіп, 1926 жылы Самарқанда бірнеше жаңа әліппешілер сиезі мен конференциялар өткізді. 1925 жылдың мамырында Пішпек қаласында қырғыз оқытушылары съезд ашып, онда жаңа латын жазуына көшу мәселесін көтерді. Бұл съезге қазақ зиялыларынан А. Байтұрсынов қатысады.

1925 жылы Орта Азияның халық ағарту саласының қызметкерлері әзірбайжандықтарға латын әліпбиіне көшу тәжірибесімен бөлісуді өтінген арнайы хат жолдады. Осы жылдың 1 наурызында Солтүстік Кавказдың тау халықтарының ағарту саласына арналып өткізілген 2-конференциясында ингуш, кабардин, қарашай, әдігей, шешен халықтарының жазуын латынға көшіру турасында шешім қабылданды. Ал 28 желтоқсанда Орталық Атқару Комитетінің Төралқасы қаулысына орай жаңа латын әліпбиін бірдей деңгейде қолдану турасындағы қаулысы қабылданды және Якутия латын жазуына көшіріле бастады.

1923 жылдан бастап қазақ интеллигенциясының алдыңғы қатарлы өкілдері, оқушы жастар, оқытушылар латын әріпіне негізделген жаңа әліпбиге көшу мәселесін көтерген болатын. 1923–1927 жылдар аралығында Қазақстанда жаңа әліпби төңірегінде жаңа әліпбиді қолдаушылар мен бұрынғы әліпбиді жақтаушылар арасында күрес жүрді. Әліппе мәселесіне байланысты ұлт зиялылары екі қанатқа бөлінді. Оның бірі – А. Байтұрсынов бастаған зиялылар болса, екіншісі латын әрібіне көшу мәселесін көтерген Н. Төреқұлов, М. Мұрзин тобындағы ұлт өкілдері еді.

Латыншылардың бастамалары 1924 жылы болған білімпаздар жиналысында үлкен айтыс-тартысқа түсті. Әсіресе жаңа әліпбиге көшу мәселесі араб әліппесін жақтаушылар арасында тартыс туғызды. Мәселен, ғалым, Г.И. Бройдо Ресейдің шығыс халықтары үшін алдымен тіл бірыңғайланбаған жағдайда латын алфавитін кіргізу дұрыс болмайды, сондықтан жаңа графиканы еңгізудің ғылыми жағынан да, практикалық жағынан да маңызы жоқ деп көрсетті. Өзінің ойын ол былай деп жазды: «Мұсылман балаларын латын шрифтіне қанша оқытсаң да, олардың ешқайсысы да латын шрифтімен бейнеленген европалық мәдениетке және оның кітаби құндылықтарына ешбір бой ұрмайды. Ал араб алфавитін екі күннің ішінде жаттап алады» [3, 137-б.].

Латын әрібіне көшу мәселесі түрде қазақ мерзімді басылымдарында жиі-жиі көтеріле бастады. Бастапқы кездерде бұл мәселелер төңірегіндегі пікірлер «Ақ жол», «Еңбекші қазақ» газеттерінде ғана жарияланса, кейін бірте-бірте өзге де өлкелік, губерниялық газеттер мен журналдарда жариялана бастады.

Араб әрібін қолдаушы кейбір зиялылар үкіметтің тапсырмасымен латын әліпбиін жасауға да қатынасқан Мәселен, 1924 жылы Орынборда өткен қазақ білімпаздарының съезінде Халел Досмұхамедұлы латын әрібін алуға қарсы болғандығын да, алайда соған қарамастан латын әріптерінің жобасын жасауды тапсырған соң жасағанын да жасырмаған [4, 163-б.].

Бұл турада «Ақ жол» газетіне жариялаған «Қазақ тіліне латын әрібін алу мәселесі» деген мақаласында Халел Досмұхамедов: «Өзіміздің осы күнгі әрібімізді бірден тастай салып, латын әрібін алуға қарсы пікірде болсақ та, айналамыздағы желіктің салқыны бізге де

тиді. Қолданбасақ та латын әрібтерін біз де тілімізге үйлестіріп көру керек. Топқа түсетін болсақ, біз де өзімізге лайық жобамен түсу керек. Пән ретінде қолдануға тағы керек», – деп жазған болатын [5].

Латын әліпбиін насихаттаушылар латын жазуының маңыздылығын дәлдеген еңбектер жарық көре бастады. 1924 жылы Нәзір Төреқұловтың «Жаңа әліпби неге керек?» деген кітабы Мәскеуде басылды. Әліпбиді өзгерту мәселесінің қайдан шыққандығына тоқтала отырып, латын әрібіне көшудің негізгі себебі араб әрібінің оқу мен жазуда қолайсыздығында деп көрсетіп берді [6].

1925 жылдан бастап жаппай Қазақстанның мектептерінде, жеке кәсіпорындарында және мекемелерінде латыншылардың «Жаңа әліпбишілер үйірмесі» немесе «Латыншылар үйірмесі» құрыла бастады. Соңғылары тек айтыс-тартыс жиналыстарын ғана емес, арнайы жаңа әліпбиді үйрететін үйірме сабағын да ұйымдастырды, баяндамашылар үшін тезистер құрастырды, жергілікті газеттерге ұжымдық мақалалар жазды және т.б. іс-шараларды жүргізді.

1925 жылы Н. Төреқұловтың «Жаңа әліпби туралы» атты кітабы басылып шықты. 1926 ж. ақпанда Баку қаласында өткізілген Бүкілодақтық I-түркологиялық съезі КСРО-ның түркі тілдес халықтарының жазуын латын әрпіне ауыстыруға арналды. Бүкілодақтық I-ші түрікшілер съезі тіл, жазу мәселесімен айналысқан әлемнің аса талантты ғалымдарының басын қосты. Съезге Қазақстаннан Ахмет Байтұрсынов, Елдес Омаров, Біләл Сүлеев, Өзиз Байсейітов, Нәзір Төреқұлов және т.б. Қаз АКСР Ағарту Халық комиссариаты мен зиялы қауым өкілдері қатынасты. Осы съезде Жаңа түрік алфавитінің Орталық комитеті құрылды. Съезге дейін көпшілік ұлт республикаларында латындандыру мәселесі бойынша оқытушылармен кеңестер жүргізу, арабшылармен пікірталас өткізу, кейбір республикаларда латын әліпбиін сараптамадан өткізіп, жариялау сияқты бірқатар жұмыстар жүргізілді.

Съезге қатысушылар екі топқа бөлініп, бірі араб әрібінің түркі халқы үшін маңыздылығын айтса, екінші топ латынға көшу аса қажеттігін дәлелдеді. А. Байтұрсынов бастаған қазақ арабшылары латындандыруға қарсы болып, съезде реформаланған араб әліпбиін қабылдаттыруға барлық күштерін салды. Дегенмен жаңа латын әліппесін жақтаушылар басым түсіп, латын әліппесінің негізінде құрылған жаңа түрік әліппесін алуға қарар шығарылды. Түрікшілер съезі латындандыруға көшу ісінде аса зор рөл атқарды. Өз жерлеріне қайтып оралған соң республика делегаттары жұмыстарына кірісті.

1927 жылы латын әрібін алу жолындағы білімпаздардың арасында болған айтыс-тартысын жинақ ретінде Қазақстан жаңа әліппе комитетінің тапсырмасымен Қазақстан мемлекеттік баспасынан «Жаңа әліппе жолында» деген атпен басылып шықты. Бұл жинаққа латын жазуына көшуді ұсынған бастамашылар Н. Төреқұлов пен М. Мұрзиннің сөйлеген сөздерінен бастап, В. Бартольд, Л. Жирков сияқты атақты ғалымдардың да жаңа әліпбиге қатысты айтқан пікірлері енгізілді.

Латындандыру барысында ұлт республикалары Орталық Атқару Комитеті, өлкелік, аудандық атқару комитеттері жанындағы көмектесу бөлімдері үлкен рөл атқарды. Бұл, әсіресе, латындандырудың орталық штабы Бүкілодақтық жаңа түрік әліпбиінің орталық комитеті құрылғаннан кейін күшейді. Бүкілодақтық орталық комитетінің пленумдарында бірнеше принциптік мәселелер қарастырылып, шешілді. Бүкілодақтық орталық комитет құрылғанға дейін латындандыру ісінде біртұтас басшылық болмады. Жер-жерлерде жаңа әліпбиді жасау ісі бұрынырақ басталған-ды. Территориясы араласып жатқан және тіл жағынан туысқан республикалар да бірыңғай дыбыстарды әр түрлі сызбамен қабылдады.

Қазақстандағы жаңа әліпбиді жасау ісі арнайы комитетке біріктірілген білікті, жоғары маманданған ғалымдарға, тіл мамандарына тапсырылды. 1927 жылы түрік республикалары комитеттерінің бастамасымен жаңа әліппенің Бүкілодақтық Орталық комитеті құрылды. Бұл комитеттің осы жылғы маусым айында болған 1-ші пленумында республикаларда жасалған жаңа әліпби жобалары қаралып, біріктіріліп, түркі елдеріне бірыңғай әліпби жасады. Осы жылдың басында Қазақстанда да жаңа әліпбидің Орталық комитеті құрылып, Нығмет Нұрмақов төраға болып сайланды. «Жаңа әліппешілер қоғамы» (қысқаша «ЖӘҚ» – С.С.) Жарғысын қабылдап, өздерінің мақсаттарын қазақ халқының арасында жаңа (латын) әліпбинің маңыздылығын түсіндіріп, көшуге үгіттеу деп көрсетті. Бұл мақсатқа жетуде қоғам өз алдына бірнеше міндеттерді де қойды. Онда халыққа араб әліпбиінің

кемшіліктерін түсіндіру, жаңа (латын) әліпбиін еңгізу турасындағы І-ші түрікшілер съезінің шешімін жүзеге асыру мәселелерін қойды [7].

Латын әліпбиін енгізуді жүзеге асыру туралы мемлекеттік бағдарлама негізіндегі Қаз АКСР үкіметінің қарарлары бойынша жергілікті өкімет пен халық ағарту органдары жаңа әліпбиді үйрету жұмыстарын жан-жақты жүргізді. Ол үшін әр түрлі оқыту әдістері, соның ішінде алыс ауылдар мен қыстауларға мәдени жорықтар да қолданылды. Жаңа латын әліпбиін халық арасында белсенді түрде енгізу барысында ауылдар, аудандар, округтар, оқытушылар бірлестіктері мен қоғамдық ұйымдар арасында социалистік жарыстар өткізу әдісі де жүзеге асырылды. Қазақстанның еңбекші табы бұл мәдени жорыққа белсенді түрде қатынасты.

Қазақстанда мектептер мен жоғарғы оқу орындарында латын әліпбиі бірден енгізілді де, іс қағаздарына енгізу барысы бірнеше жылға созылды. Сонымен бір мезгілде барлық жерлерде латын әліпбиін үйрету ісі ересек халықпен жастарды түгелдей қамтыла жүргізілді. Латын жазуын үйренуге ықылас білдірушілер қатары күннен-күнге көбейе түсті. Алайда жаңа әліпбиді үйрететін мұғалімдердің аздығы мен оқу құралдарының жетіспеушілігі және де оқу сағатының аздығы үйренушілерге кедергі келтірді.

Біртіндеп латын әліпбиі білім, ғылым және мәдениет салалары мен жергілікті халық тұрмысына толықтай енгізілді. Жаңа әліпбиге көшу жұмысы қалалық мектептерде аса қарқынмен жүргізілді. Мектептерде арнайы ұйымдар мен үйірмелер ашылып, жеті сайын латын тілінен сабақтар жүргізіліп, үгіт-насихат ісі қолға алынды.

Ұйғыр, татар және өзбек халықтарының арасында жаңа әліпбиді еңгізу мәселесі қазақтармен бірдей сатыда жүргізілді. 1928-29 оқу жылынан бастап өзбек және татар мектептері толықтай жаңа әліпбиге, жаңа өзбек және татар орфографиясына көшті. Қалалық орыс мектептері V топтан бастап қазақ тілін міндетті түрде оқи бастады. 1929–1930 оқу жылынан бастап орыс мектептерінде қазақ тілін оқыту толығымен жаңа әліпбиге көшірілді.

Жаңа әліпбиге көшудің өз қиыншылықтары болды. Латын жазуының кейбір әріптерінің жиі өзгеріске ұшырауы оны қабылдаушылар арасында түсініспестік туғызды. Оқытушылардың өздері де жазу барысында қай әріпті қолдану керектігін білмей қиналған кездері жиі кездесті. Латын әліпбиін жасауда мамандар арасында қайшы пікірлер туындады. Әліпбиді насихаттау барысында жас ерекшеліктері ескерілмеді. Мәселен, егде адамдарға әліпбиді үйрету мәселесі ұмыт қалдырылып, нәтижесінде сауатсыздар қатары көбейді. Мамандардың жетіспеуі әліпбиді үйренуде көп кедергілерге алып келді. Нәтижесінде жазу мен оқу үдерісі өте баяу жүргізіліп, жұртшылық арасында шала сауаттылар қатары көбейді. Латын әрібіндегі оқулық және тағы басқа насихат құралдарын шығаратын баспаханаларда әріп қалыбы жетіспеді.

Жаңа түркі жазуының негізін ұзақ талқылау мен өңдеуден кейін 1929 жылдың 7 тамызында КСРО Орталық Атқару Комитетінің төралқасы мен КСРО Халық Комиссарлары Кеңесі «Жаңа қазақ алфавитін (әліппесін) енгізу» турасындағы қаулыны қабылдады. 14 тамызда жаңа әліпбиді Халық ағарту комиссариатының барлық жағдайды ескере отырып, бүкіл қазақ мектептеріне латын әліпбиін толықтай енгізудің соңғы мерзімін 1930 жылдың 14 тамызына, яғни Қазақстанның 10 жылдық мерейтойына дейін аяқтауды белгіледі [8].

1930 жылы құрылған жаңа түрік әліпбиінің Орталық Комитеті 1933 жылы КСР Одақтық ОАК-нің жанындағы жаңа әліпбидің Бүкілодақтық орталық комитеті болып қайтадан құрылып, 1940 жылдың соңына дейін жұмыс істеді.

1940 жылғы 13 қарашада 2 қарашадағы қаулы негізінде «Латындандырылған қазақ жазуын орыс графикасы негізіндегі жаңа әліпбиге көшіру туралы» Заң қабылданып, орыс графикасына көшу елдің саяси және мәдени дамуына әсер тигізетіндігі, сондай-ақ КСРО құрамындағы ұлттар арасындағы достықты нығайта түсетіндігі айтылды. Жаңа жазбаға көшудің нақты мерзімі белгіленді. Бұл Заң республиканың өлкелік мерзімді басылымдарында жарияланды.

XX ғасырдың 20-40 жылдары қазақ жазуын үш бірдей арабқа, латынға, латыннан орыс жазуына (кириллица) көшіру мәдени даму барысына біршама кедергілер келтірді. Бұл біріншіден, жаңа әріп жасауда, оны насихаттауда, жаңа оқу құралдарын, кітаптарды шығаруда баспаханаларды ыңғайлауда көп қаражатты қажет етсе, екіншіден, араб жазуы-

нан енді латын жазуын қабылдап, терең біліп келе жатқанда орыс жазуына көшіру тұрғылықты халықтың арасында қобалжулықтарды да туындатты. Алайда үкімет пен партия бұның бәрін халық жауларының әрекетіне таңды. Қазақ жазуының бірнеше рет өзгеріске ұшырауы мәдени құндылықтарымызды пайдалануда біршама қиындықтар да алып келді. Араб, латын әрібінде жазылып, жарық көрген көптеген кітаптарымыз кітапхана сөрелерінде жатып қалды.

Латын әліпбиін енгізуді жүзеге асыру туралы мемлекеттік бағдарлама негізіндегі ҚазАКСР үкіметінің қарарлары бойынша жергілікті өкімет пен халық ағарту органдары жаңа үйрету жұмыстарын жан-жақты жүргізді. Ол үшін әр түрлі оқыту әдістері, соның ішінде алыс ауылдар мен қыстауларға мәдени жорықтар да қолданылды. Жаңа латын әліпбиін халық арасында белсенді түрде енгізу барысында ауылдар, аудандар, округтар, оқытушылар бірлестіктері мен қоғамдық ұйымдар арасында социалистік жарыстар өткізу әдісі қолданылды. Қазақстанның еңбекші табы бұл мәдени жорыққа белсенді түрде қатынасты. Қарап отырсақ, елімізде 20-30 жылдары латын жазуына көшуде тұтас дайындықтар жүргізілген екен. Міне, сондықтан бұрынғы өткен тәжірибелерді зерделеп, соларға сүйену тиімдірек сияқты.

Жазуды латын әліпбиіне ауыстыру мәселесі өте күрделі. Ол Шығыс елдеріндегі тіл факторын дамыту тәжірибесінің негізінде кешенді зерделеуді талап етеді. Қазақстан үшін тағылым аларлығы және пайдалысы латын әліпбиіне көшкен елдердің тәжірибесі бола алады. Дегенмен қазақ жазуын латын графикасына көшіру Қазақстан Республикасында қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі мәртебесін нығайта түседі. Осы уақытқа дейін латын әліпбиіне көшу үшін латын графикасына негізделген қазақ әліппесі реформасына қатысты қоғамдық пікірге талдау жасалынуы мен халық арасында қазақ жазуын латын графикасына көшірудің тиімділігі жөнінде түсіндірме, ұғындыру және насихаттау жұмыстарын жүргізілуінен кейінгі шығарған қорытындыда латын әліпбиі енгізіп, қолдауды көпшілік қолдайтындығы анықталды. Міне, осыдан қазіргі кезде әліпбидің қабылдаудың нағыз уақыты деуге болады. Ол үшін латын әрібіне көшуде мерзімді басылымдарды кеңінен пайдалану, қазақ тілді оқытушыларға арналған оқулықтарды дайындау және шығару, латын графикасын мектепке дейінгі білім беру жүйесіне енгізу сияқты мәселелерді қолға алған дұрыс сияқты. Мұны Елбасы да «Болашаққа бағдар: рухани жаңғырту» атты мақаласында айқын айтып, тез арада қолға алуды міндеттеп отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер мен дереккөздер тізімі:

- 1 Қазақ әдебиеті. 1989. 6 январь.
- 2 Еңбекші қазақ. 1928. №137. 20 июнь.
- 3 Ахметов Қ. Қазақстан мәдениетінің қилы тағдыры (XX ғасырдың 20-30 жылдары). – Алматы, 2002.
- 4 Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы (Избранное). – Алматы: Ана тілі, 1998. –384-б.163-б.
- 5 Ақ жол. 1924. № 435.
- 6 Төреқұлов Н. Жаңа әліпби неге керек? М., 1924.
- 7 ҚРПМ. 141-қ., 1-т., 1560-іс. 2-п.
- 8 Систематическое собрание законов, с. 163.

*Г. Жүгенбаева,
Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институтының
Тарихнама, деректану және
заманауи методология
бөлімінің меңгерушісі, т. ғ. д.*

Ұлттық интеллектуалдық өре және Алаш феномені

XX ғасыр басындағы Қазақстанның жаңа заман тарихы Алаш қозғалысы атанған аса жоғары ұлттық интеллектуалдық өре феноменімен сипатталады. Қазақ халқының өз алдына тәуелсіз елге айналып, дербес мемлекеттілікке ие болу және сол мұрат үшін ұлттық оярудың бағдарламасы мен нақтылы тәжірибесін жүзеге асырған бұл құбылыс сонысымен-ақ тарихтағы өз бағасы мен орнына ие болды.

Бүгінгі тәуелсіз еліміздің саяси іргетасы мықты, жан-жақты даму жолындағы экономикалық қарымымен қоса, ұлттық әлеуеті жоғары мемлекетті өркендету межесі тарихи тамырының тереңдігі мен биік пәлсафалық рухынан көрінеді. Бұл орайда үстіміздегі жылы 100 жыл толып отырған Алаш қозғалысының тарихи тағылымымен өршіл аманатын ұрпақтар жадында жаңғырту - замана сұранысы.

Тәуелсіздіктің елең-алаңында тарихтағы «қайта құру» кезеңімен сабақтаса Алаш рухы ұлттық тарихнамаға оралғаны мәлім [1-3]. Әлемдік тарихқа қазақ ұлттық өркендеуінің Ренессанс кезеңі ретінде қабылдануға әбден лайықты осынау қозғалыстың сан қырлы сипаты мен болмысын тарихи тұрғыда жан-жақты зерттеуді, кеңінен айқара ашып талдауды көздеген ізденістер мен еңбектер өмірге келді. Алаш мұрасының мол тарихи деректері ТМД елдерінің ірі архив орталықтарынан, кітапханаларынан іздестіріліп, жиналып, қайсыбірі түпнұсқа құндылығымен ғылыми танымды байытты. Еуропада ырықсыз мұғажырлықта жүріп, 20 жылдан астам уақыт бойы түркі халықтарының азаттығы үшін күресті негіздеген Мұстафа Шоқайдың мұрасы туған еліне жеткізілуі – Алаштанудың зор нәтижесінің бірі болды [4]. Бұл қозғалыс тарихы Қазақстан тарихының шекарасыз тақырыптарына айналды. Еуропа мен Америка, Жапония мен туыстас Түркия елдерінде Алаштанушылардың үлкен шоғыры қалыптасты [5].

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Тарих толқынында» еңбегінде Алаш қозғалысына объективті, барынша нақты бағаны берді: «...Олар өз қызметінің басты мұраты қазақ халқының ұлттық төлтумалылығын сақтау, сонымен бірге оның тарихи өткенін қалпына келтіріп, ұлттық санасын шыңдау деп санаған» [6, 157 б]. Әрбір ұлттық өркендеуі үшін ең басты темірқазық - өзін айқындауы және сақтауы, соның негізінде қайта жаңғыруы, түлеуі. Бұл ұстаным Алаш қозғалысының өне бойында көрініс тапты.

Алаш қозғалысының тарихында кеңестік тарихи танымдағы маркстік таптық методология мен сол жүйенің саяси-идеологиялық бағдарына сыймай, аяусыз «қара күйе» жағылған кезеңі – Алашорда автономиялық үкіметінің 1917–1919 жж. қамтитын ғұмыры. Автономияның тарихын айғақтайтын сан алуан құжаттық деректемелердің ғылыми айналымға кеңінен енгізілуі, кеңестік тарихнаманың «ғылыми» деңгейін таразылап береді.

Тұтас Түркістан өлкесіндегі ұлттық қозғалыстың автономиялық сипат алуына 1917 жылғы қос төңкеріс түрткі болды. Әсіресе, 1917 ж. қазан төңкерісінің екпіні күшті еді. Большевиктердің сол жылдың 2 (15) қарашасында жариялаған «Ресей халықтарының құқықтары туралы әйгілі декларациясы» мен 20 қарашадағы (3-желтоқсан) “Ресей мен Шығыстың еңбекші мұсылмандарына” үндеуі [7] түркістандықтарды барынша баурап алды. Отар елдер өзін-өзі билеуге, тіпті бөлініп шығып жеке мемлекет құруға толық құқылылығы, төңкерістің күшімен оның қорғалатындығына лениндік басшылықтың кепілдігі елке халқына ұлттық және әлеуметтік азаттық үмітін оятты. Алайда, орталық Ресейдің әлеуметтік төңкерісінің Түркістанда шовинистік пиғылдағы европалық-келімсектер қолымен жүзеге асырылуы сонымен бірге, сенімсіздік туғызды. Мұндай түсініксіз жағдайлар автономшыларға нақты шешімдер қабылдаудың қажеттігін көрсетті.

1917 жылы 5-13 желтоқсан аралығында Орынбор қаласында Екінші жалпықазақ съезі өтеді. Съезд төмендегідей қаулы қабылдайды: «...қазанның аяғында Уақытша Үкімет түскенін, Рүсия мемлекетінде халыққа сенімді және беделді үкіметтің жоқтығын, әкімшілік жоқ болған соң, халық арасы бұзылып, пышақтасып кететіндігі, бассыздық күшейіп, бүкіл мемлекет бүліншілікке ұшырап, күннен күнге халықтың күйі нашарлауын және бұл бүліншілік біздің қырғыз-қазақтардың басына да келуін мүмкін деп ойлап, бүкіл қазақ-қырғызды билейтін үкімет керектігін ескеріп, съезд бір ауыздан қаулы қылады:

1) Бөкей елі, Орал, Торғай, Ақмола, Семей, Жетісу, Сырдария облыстары, Ферғана, Самарқанд облыстарындағы және амудария бөліміндегі қазақ уездері, Закаспий облысындағы және Алтай губерниясындағы іргелес болыстардың жері бірыңғай, іргелі - халқы қазақ-қырғыз, халі, тұрмысы, тілі бір болғандықтар өз алдына ұлттық жерлі Автономия құруға;

2) Қазақ-қырғыз автономиясы «Алаш» деп аталсын;

3) Алаш автономиясының жер үстіндегі түгі-суы, астындағы кені Алаш мүлкі болсын;

5) Қазақ-қырғыз арасында тұрған аз халықтың құқықтары теңгеріледі. Алаш автономиясына кірген ұлттардың бүкіл мекемеде санына қарай орын алады...

6) Алаш облыстарын қазіргі бүліншіліктен қорғау мақсатымен Уақытша Ұлттық Кеңес құрылсын. Мұның аты «Алашорда» болсын. Алашорданың ағзасы 25 болып, 10 орын қазақ-қырғыз арасындағы басқа халықтарға қалдырылды. Алашорданың уақытша тұратын орны - Семей қаласы.

Алашорда бүгіннен бастап қазақ-қырғыз халқының билігін өз қолына алады»[8].

Ел ішінде күн санап көбейіп жатқан бассыздық, талан-тараждан қырғыз-қазақты құтқару үшін, съезд «ешбір тоқтаусыз милиция түзуге кірісу қажеттігіне» ерекше мән берді. Алғашқы милиция жасақтары құрыла бастайды. Бірақ 1917 жылғы қараша айынан бастап, 1918 жылдың сәуіріне дейінгі аралықта Қазақстан территориясында Кеңес үкіметінің орнауы Алашорда қызметін тоқтатып тастады.

Жетісу облысында кеңестік билік Ираннан оралған 2-ші казак полкының күшімен 1918 жылғы ақпан-наурыз айларында жүзеге асады. Алаш қозғалысының көрнекті тұлғасы Мұхамеджан Тынышбаевтың эпистолярлық мұрасындағы құжаттардан Алашорданың осы кезеңдегі жағдайын білуге болады. 1918 жылдың жазына дейінгі Жетісу өңірінің жағдайын толық қамтыған хатта: «...Большевиктерге қарсы ниеттегі қайраткерлерге жасырынуға тура келді; кейбір қайраткерлеріміз ұсталып, большевиктер қолынан қаза тапты. Мысалы, Уақытша Үкімет комиссары О. Шкапский осылай өлтірілді. Енді Верный қаласы большевизм орталығына айналды. Мұнда, қызылдар басым бола бастады. Ал елдің солтүстігіндегі қалаларда жағдай басқаша қалыптасты. Қайраткерлерге бұрынғы қызметтерінде (Кеңес үкіметіне дейінгі) қалуға мүмкіндік болды. Бұл адамдарымыз шамалары жеткенше халықтың мүддесін қорғап, әрі большевиктердің әрекеттерінен хабардар болу үшін қалды» [9].

Құжаттан Жетісудағы кеңес үкіметінің орнауына арналған тарихнама да мүлде басқаша түсіндірілетін фактылардың нақты шындығын білуге болады. Мәселен, Солтүстік Жетісуда Кеңес үкіметін нығайту үшін күрескен И. Мамонтовтың партизан отряды және Ивановтың қызылгвардияшылары болған. Тарихи шындықтың бұрмалануы сол кезеңнің куәгерінің жазбасында нақты айтылады. М. Тынышбаев өз хатында осы екі отрядтың жазалау экспедициясы болғанын келтіреді. Олардың Қапал, Лепсі, Жаркент уездерінің қорғансыз қазақтарын аяусыз қырып жойып, талан-таражға салып тонағаны айтылады. Қапал, Лепсі уездерінің «контрреволюциялық» әрекеттері белгілі болғаннан кейін мұнда қызмет атқарып жүрген қазақ қайраткерлері Қытайға (Синьцзян) кетіп немесе қырда жасырынған [9].

Мұндай «контрреволюциялық» әрекеттер Алашорданың, орталық Кеңес үкіметімен жүргізген нәтижесіз келіссөзінен туған мәжбүрлік еді.

Алаш қайраткерлері басқа ұлттық қозғалыстар тәрізді федерацияны қолдады. Олар қазақ қоғамының сол кезеңдегі даму жағдайын ескерді. Ал Кеңес үкіметі үшін федерация тек социалистік унитарлық мемлекетке барар жолдағы өтпелі кезең ғана болды. Олар федерацияны жұмысшылар мен шаруалардан құралған Кеңес үкіметі түрінде ғана қабылдады. Большевиктердің тап күресі саясатына жалпыұлттық мүддені ұсынған Алашорда Кеңес үкіметімен нақты келісімге келе алмады. Мұның өзі «контрреволюциялық

әрекетпен» қоса, өрши бастаған азамат соғысында Алашорданың позициясын айқындауды қажет етті.

1918 жылғы маусымның басында Сібірде большевиктерге қарсы төңкеріс жасалды. Бұл хабарға тағы да М. Тынышбаев сөзімен айтсақ, «дала жандана бастайды». Алашорда үкіметі «бостандықтың жауы-большевизммен» күресу үшін кеңестік билікке наразы жақпен бірікті. Осындай күштер қолдауы арқылы Алашорда өз мақсаттарына жетуді көздеді.

Алашорданың бұл бағыттағы алғашқы байланысы, Уақытша Сібір үкіметімен болды. Уақытша Сібір үкіметі, 1918 жылы 8-ақпанда большевиктер тұтқындаған Сібір облыстық Думасының орнына жасырын құрылды [10].

Алаш қайраткерлерінің Сібірмен нақты байланысы негізінде бұдан да ертерек жасалды. 1917 жылы 15-қазанда Сібір автономиясын құру туралы шешім қабылдаған Жалпысібір съезі өтеді. Онда қазақ елі Сібір автономиясы құрамына уақытша қосылатындығы туралы келісім жасалды. Үкімет органы – Сібір кеңесіне жалпықазақ жұрты атынан Ә. Бөкейханов пен М. Тынышбаев, облыстардан Х. Фаббасов, И. Итбаев және С. Досжанов кірді. Бірақ көп кешікпей Қазақстанның солтүстік қалаларын Кеңес үкіметінің басып алуы Сібірмен байланысты үзіп тастады.

Енді Кеңес үкіметінің құлауы бұрынғы байланыстарды жалғастыруға мүмкіндік берді. Уақытша Сібір үкіметінің күшейе бастағанына сүйенген Алашорда өз алдына белсенді әрекет жасауға кіріседі. Екінші жалпықазақ съезі шешімдерін іс жүзіне асыру талпынысы байқалады.

Оны жүзеге асыруды үкімет төрағасы Ә. Бөкейханов, үкімет мүшелері М. Тынышбаев, Х. Фаббасов 24 маусымда Кеңес үкіметінің барлық декреттерінің автономия территориясында күші жойылатыны туралы қаулы қабылдаудан бастайды. Сол күні Алашорда үкіметінің бірнеше мынадай заң актілері де өмірге келеді: 1. Үкімет жанында үш адамнан тұратын әскери кеңес (жергілікті жерлерде әскери кеңес құрумен, жігіттерді большевиктерге қарсы күреске шақыру құқы берілген әскери министерство функциясы) құру; 2. Жергілікті жердегі темір жол (автономия территориясында темір жол құрылысын, Алашорда арқылы салу) туралы; 3. Мемлекеттік салық (Халықтан жиналатын мемлекеттік салық Алашорда кассасына түсуі және түгін салығын жинауға жедел кірісуі) туралы; 4. Алаш автономиясының территориясында уақытша жер пайдалану (Бүкілресейлік құрылтай жиналысы жер туралы заң қабылдағанша, Қазақстанда жерге деген жекеменшіктің жойылатындығы, жер мен су байлықтарын пайдаланудың Алашорда рұқсатымен болатындығы, қазақтар мен орыстар арасындағы жер дауын жергілікті өзін өзі билейтін земстволық органдар шешуі т.б.) туралы; 5. «Ар-ождан, сөз, баспасөз, жиналыс, одақ бостандығы және жеке адам құқы (Автономия территориясында жаңа заң шыққанға дейін, аталған мәселеге байланысты Уақытша Үкімет жарлығының күшінде қалатыны) туралы; 6. Земство туралы (Уақытша Үкіметтің 1917 жылы 17 маусымда енгізген заңы бойынша, Кеңес үкіметі таратып жіберген земство мекемелерін қалпына келтіру т.б.)» Іле-шала 25 маусымда шыққан заңда, Алашорданың облыстарда, уездерде кеңестерін құру туралы айтылды. Онда үкіметтің, (алғашқы земство жиналысына дейін) облыс пен уездерде құрамы 3-5 адамнан тұратын уақытша органдар тағайындайтындығы, облыстық кеңестердің алаш қарулы күштерін құру үшін жігіттерді шақыру тәртібімен, екінші жалпықазақ съезі шешіміне сәйкес салық жинаумен айналысатындығы, Алаштың Құрылтай жиналысына материал дайындаумен, мәдени экономикалық шаралармен шұғылданатыны, 24 маусымдағы уақытша жер пайдалану туралы заңның дұрыс орындалуын қадағалайтындығы, сонымен бірге маңызды жағдайлар туғанда (облыстық кеңестердің Алаш мүддесін қорғау мақсатында көрші автономиялардың үкіметтерімен уақытша блок құру туралы құқы т.б.) басқару органдарының мәселелерімен айналысатындығы көрсетілген. Қосымшада қазақ емес халықтар, Алаш автономиясына қалуға ниет білдірсе, онда кеңестердің земство жиналысында сайланатыны ескертілді [11]. Бұдан басқа да Алашорда үкіметі, қазақтан шыққан большевиктердің ісін тексеру үшін арнайы қазақ сотын, тергеу комиссиясын құрып, оның мүшелерін тағайындау туралы, сондай-ақ қазақ соттарын құру жайында заңдар қабылдайды [11, 112-113 бб.].

Аталған шаралар көбінесе, жол қатынасының, байланыс бөлімінің нашарлығынан, әрі күшейе бастаған ұлттық қозғалысқа күдіктене қараған Сібір үкіметінің түрлі кедергісінен орындалуы қиынға соқты.

Сонымен бірге Алаш автономиясын қорғау мақсатында «халықтық милиция» түрінде қарулы күштер жасақтау одан әрі жүргізіле бастады. 25 маусымда Ә.Бөкейханов қол қойған әскер қатарына шақыру туралы қаулыда, әр болыстан 30 адамнан шақырылып, олардың атты әскер құрамына алынатындығы көрсетілді.

Алаш автономиясының тұңғыш атты әскері - 1 алаш полкі үкімет астанасы Алаш қаласында (қазіргі Семейдің сол жағалауы) жасақталды. 1 алаш полкінің командирі капитан Х. Тоқтамысов болды. Сондай-ақ полкты құруға Алаштың белгілі қайраткерлері Қ. Фаббасов, А. Тұрлыбаев, Б. Мәметов қатысты. Алаш орталығы болған Семей қаласының мұрағатында, М. Тынышбаев басшылығымен атты әскерге керек-жарақ (ауыздық, үзеңгі, ертұрман т.б.) жинауға байланысты өткізілген түрлі мәжілістердің хаттамалары сақталған. Сонымен бірге Жетісу өңірінде де, Т. Құнанбаев (Абай Құнанбаевтың баласы) және Ш. Өзімбаев басшылығымен осындай отрядтар құрыла бастайды [12].

Ақ гвардияшылардың қатарында, большевиктерге қарсы ерлікпен шайқасқан Алаш жасақтары туралы, кезінде М. Тынышбаев сүйсіне жазды: «Біздің жігіттер нағыз жауапты жұмыстарды атқарады, және офицерлердің сөзіне қарағанда олар адал да тындырымды әскерлер ретінде ерекшеленеді. Бірақ жігіттер нашар қаруланған, тіпті қаруы жоқтар да жеткілікті». Майданда ерекше көзге түскен алаштықтарға арнайы тоқталады. Сондай жігерлі, батыл әскердің бірі – Бүкілресейлік Құрылтай Жиналысына сайланған, әрі Алашорда үкіметінің мүшесі, ірі қайраткер Отыншы Әлжанов болған. Үржардың маңындағы Мақаншы деген жерде большевиктердің қолына түсіп, айуандықпен өртеліп жіберілгенін оқимыз. Сол сияқты осындай ұрыстарда ерекше көзге түскен С. Аманжолов, Т. Дүйсебаевтың ауыр жараланғанына қарамастан, майдан алаңынан кетпегенін М. Тынышбаев ерекше бөліп айтады. Лепсі уездік кеңесінің мүшесі К. Ниязовтың жартылай қаруланған жігіттерді майданға өзі бастап апарғанын да көрсетеді. 1 алаш полкі құрамында Сыртанов, Омаров, Үмбетбаев және т.б. гимназист қазақтар болғанын, олардың арнайы үйретілген әскерлердей шайқасқанын оқимыз [9].

Мұхамеджан Тынышбаевтың өзіне тән ерекшелігі, оның өзі өмір сүрген кезеңге, өзінің бүкіл қызметіне байланысты деректерді артына мол қалдырғандығы дер едік. Бұлардың арасында мақалалар, баяндамалар, түрлі ресми ақпараттар бар. Өз қолтаңбасымен толтырылған жазбалар бүгінгі күні тарихи құнды дерекке айналып отыр.

Осындай маңызды мәліметтерінің бірі - азамат соғысы жылдарында жазған түрлі ресми хат-хабарлары болып табылады. Бұлардың арасында қызылдар қырғыны туралы нақты мәлімет беретіндері баршылық. Жетісудағы большевиктер қолымен жасалған зұлымдықтарды жазып қалдырды. Алаш жасақтарының әрекеттеріне, қызылдардың қарусыз қазақтарды жаппай қырып жоюмен, олардың шаруашылықтарын қасақана талқандаумен жауап бергенін баяндай келіп, әкесінің ауылындағы қайғылы оқиғаға тоқталады: «... Мәселен, Лепсі уезінің Садыр болысының бес ауылында ересектердің өзінен большевиктердің қолымен 5000 адам өлтірілген, ал жалпы уезде барлығы 8000 қазақ бар болатын. Менің әкемнің ауылында алты жастан жоғары ер адамдар түгелдей өлтірілді; қыстау, киіз үй, басқа мүліктер өртеліп жіберілді, барлық мал айдап әкетіліп, аман қалған 15 әйел мен 17 жас бала түксіз далада қалды. Мұндай жағдайлар өте көп кездеседі» [13]. Осы қанды қырғыннан жиылған жүктің артына тығылып аман қалған қарындасы Айсәуір Байділданова (1902–1993 жж.), әкесі Тынышбайдың басын қызылдардың қылышпен шауып өлтіргенін, өзін үйді тінткен қызыл әскердің жарақаттағанын айтады [14,55 б.].

Ішінара болмаса Алаш қарулы күштерін жаппай құру мүмкін болмады. Бұған азық-түліктің, киім-кешектің, қару-жарақтың жетіспеуі және әскерді ұстауға жас автономияның шамасы келмеуі (қаржы тапшылығынан) себеп болды. Сонымен бірге әбден күйзелген халықтың әскерді қолдауға ықыласының төмендігі әсер етті.

Ал Уақытша Сібір үкіметі болса, іс жүзінде ұлыдаржавалық пиғыл танытты. Олар Алаш қайраткерлерінің ел ішіндегі беделін өздерінің мақсаттарын жүзеге асыруға, мәселен, қажетті сәттерде әскер күшін жасақтау, соғыстың бүкіл салмағын халық мойнына арту тағы басқа пайдалануды көздеді. Бұл үкімет – Алашорданың белгілі бір үкімет органы ретінде дербес, белсенді әрекет жасауына келісе қоймады. Олардың арасындағы байланыста соған сәйкес, келіспеушілікке толы болды. Архив деректері, өлкеге толық билік жүргізуге ұмтылған Сібір үкіметінің мүддесін жүзеге асырушы эмиссарларға аз да болса

дербестікке ұмтылған Алашорда үкіметінің батыл қарсылық білдіріп отырғанын көрсетеді. Мұның соңы Алашорданың қазақ автономиясын ресми тану туралы ұсынысын Сібір үкіметінің «нағыз сепаратизмнің белгісі» деп айыптауымен аяқталды [15].

Бұдан кейін Алашорда Бүкілресейлік биліктен үміткер, тағы бір үкімет – Самарадағы Комучпен (Комитет членов Учредительного собрания) қарым-қатынас жүргізді. 1918 жылы 8 маусымда өмірге келген, негізінен эсерлер басқарған бұл үкімет демократиялық принциптерге беріктігін бірден-ақ байқатты. Олардың Алашорда үкіметіне жасаған қатынасынан да көрінеді. Тамыз айында Комуч, Бүкілресейлік Құрылтай жиналысы шақырылғанға дейін, құрылып жатқан басқа да үкіметтердің (Башқұрт, Орынбор, Орал үкіметтері) қатарында Алашорданы танитындығын мәлімдеді. Комитет құрамына - Құрылтай жиналысына Алаш партиясы атынан мүшелер Ө. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, Жаханша Досмұхамедов, Халел Досмұхамедов, А. Бірімжанов, М. Тынышбаев, М. Шоқай және т.б. қайраткерлер кірді [16]. Бірақ бұл табыс та ұзаққа бармады.

Оппозициялық күштерді біріктіру мақсатында Комуч ұйымдастыруымен 1918 жылдың 8-23 қыркүйегінде Уфа кеңесі өтеді. Кеңесте жоғарыда аталған қайраткерлер қатынасып, бұратаналар атынан сөйлеген Ө. Бөкейханов өздерінің сепаратизмінен аулақ екендігін, демократиялық-федеративтік Ресеймен біртұтас екендігін жеткізеді.

Кеңес жүріп жатқан кезде, 11-қыркүйекте Ө. Бөкейхановтың төрағалығымен Х. және Ж. Досмұхамедовтар, М. Тынышбаев, У. Танашев, Ө. Ермеков, А. Бірімжанов қатысқан Алашорданың төтенше мәжілісі өтеді. Онда автономияның Алашорданың жалғыз өзі басқаратыны, ал бұрынырақта (18-мамырда) батыс Қазақстандағы саяси жағдайға байланысты уақытша құрылған Ойыл уалаяты таратылатыны шешілді. Оның орнына жол қатынасы нашарлығымен соғыс жағдайы себебінен Алашорданың батыс бөлімшесі құрылды [17]. Бұл болашақта шақырылатын Бүкілресейлік Құрылтай жиналысы қарсаңында бірауыздан құрылған автономияны кеңеске қатысушыларға көрсету болатын.

23 қыркүйектегі Кеңестің соңғы күнінде, Уақытша Бүкілресейлік үкімет Директория жарияланды. Бірақ Директория өзі жойылардан аз ғана бұрын, 4 қарашада шыққан бұйрығымен, бөлінбейтін Ресейді қалпына келтіру үшін барлық облыстық үкіметтермен бірге Алашорданың орталық үкіметін таратып, оның облыстық, уездік ұйымдарын ғана қалдырды. Орнына Алашты басқаратын (мәдени тұрмыстық, экономикалық мүдделер тұрғысынан) Бас Уәкілдік қызметін енгізді [17].

18 қарашада Омбыдағы төңкеріс нәтижесінде бүкіл билік, өзін «Жоғары Билеуші» деп жариялаған адмирал Колчактың қолына өтті. Автономия тағдыры Колчак кезінде қалай болғанын А. Байтұрсынов «Төңкеріс және қырғыздар» деген белгілі мақаласында былай деп көрсетеді: «Кешегі патша малайы Колчак қырғыздардың алдында әскери диктатордың бүкіл болмысымен, сондай-ақ қырғыздардың есінен әлі кетпеген патшалықтың барлық кесепатымен тұра қалған еді» [18].

Н. Назарбаев ұсынған этносаралық және конфессияаралық келісім моделі Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметінен көрініс тауып, өміршеңдігін дәлелдеді, қазақстандық тәжірибе әлемдік саяси қауымдастық тарапынан қызығушылық тудырды. 1 наурыз – тоталитарлық тәртіп саясаты салдарынан Қазақстанға қоныс аударған мыңдаған этнос өкілдерін жатсынбастан бауырына басқан қазақ жері мен халқына ақ жүрек алғыс айту күні. Сталиндік репрессиялар кезінде Қазақстанға этностардың миллиондаған өкілдері қоныс аударылды. Партиялық органдардың мәлімет, тізбе, баяндау хаттары қоныс аударылғандарды жайғастыру, шаруашылық орналастыру, Ұлы Отан соғысы кезінде Қазақстанға эвакуацияланғандардың келуі және оларды жайғастыру туралы баяндайды. Мысалы, көрмеде 1939 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының колхоздарында қоныс аударылған корейлік шаруашылықтардың жайғасуы туралы мәліметтер, 1942 жылы Ақтөбе облысында арнайы қоныс аударылған неміс, молдаван, поляктардың саны туралы анықтама, т. б. құжаттар бар. Қазақстанның тәуелсіздік кезеңі Қазақстан халқы Ассамблеясының құжаттарымен: Қазақстан Республикасы Президентінің «1997 жылды Жалпыұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы деп жариялау туралы» Жарлығын орындау туралы, Қазақстан халқы Ассамблеясының бірлік пен келісімді нығайту бойынша жұмысы туралы және басқа да құжаттармен көрсетілген. Дөңгелек үстелді аша келе, Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің директоры Б.Ә. Жапаров Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясының XXII сессиясында ұсынған мереке 1 наурыз – Алғыс айту күнінің тарихи және қоғамдық маңызын атап өтті. Елбасының этносаралық келісім мен толеранттықты қолдау бойынша саясаты Алғыс айту күнін мерекелеуден көрініс тапты. ҚР Президентінің Архиві Қазақстан халқы Ассамблеясымен тығыз ынтымақтастықта жұмыс жүргізеді. «Из истории депортаций. Казахстан» құжаттар жинағының 1930–1935, 1935–1939 жылдарды қамтитын екі томы жарық көрді және 1940–1945 жылдар аралығындағы кезеңді қамтитын жинақтың үшінші томы баспаға дайындалып жатыр. 2015 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві «Қазақстан халқы Ассамблеясы: алғашқы қадамдар (1995–1997 жж.)» құжаттар және материалдар жинағын басып шығарды. Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері А. И. Құдайбергенова өзінің баяндамасында Қазақстан тұрғындарының этникалық құрамының өзгеруі туралы тарихи және статистикалық мәліметтерді атады. Қазақстан поляктары одағының төрағасы О.Ч. Червинский Қазақстанға сол жылдары қоныс аударған өзінің отбасының тарихын айтты. Сонымен қатар, ол Қазақстан поляктары одағының қызметі туралы баяндап, Қазақстан және Польша арасындағы қарым-қатынастарға жоғарғы түсіністік пен қарқынды даму тән екендігін атап өтті. Өткен жылы Польша «ЭКСПО–2017» көрмесіне қатысу туралы келісімге қол қойды. Дөңгелек үстелге қатысушылар Қазақстан халқы қиын-қыстау және қуаныш кездерін бірге кешкенін есте сақтау қажеттігін айтып, жеткен жетістіктер және болашаққа деген сенім туралы айтып, кең пейілділік, мейірімділік пен жомарттық тән қазақ халқына алғыс айтып, жылы лебізін білдірді. Дөңгелек үстелдің жұмысына Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелері, Алматы қаласындағы дипломатиялық қызмет өкілдері, ұлттық мәдени орталықтардың, мемлекеттік архив мекемелерінің өкілдері, ғалымдар, қоғам қайраткерлері, жоғары оқу орындарының оқытушылары мен студенттері қатысты.

28 февраля в Архиве Президента РК состоялось открытие историко-документальной выставки и круглого стола «Единство – наш священный стяг», посвященного Дню благодарности. Участники круглого стола высказались о необходимости сохранить в памяти то, как единый народ Казахстана сообща переживал трудные и радостные моменты, достижения настоящего времени и надежду на будущее, о благодарности и теплых чувствах к казахскому народу, которому присущи широта души, доброта и щедрость. В работе круглого стола приняли участие члены Ассамблеи народа Казахстана, представители дипломатических служб г. Алматы, национально-культурных центров, государственных архивных учреждений, а также ученые и общественные деятели, преподаватели и студенты высших учебных заведений.



2 марта Республика Казахстан отметила 25-летие со дня вступления в ООН. К этой знаменательной дате в г. Астане Архивом Президента РК и Министерством иностранных дел РК была организована историко-документальная выставка «Казахстан на международной арене». Три раздела выставки раскрывают исторические этапы вступления Казахстана в ООН: первые шаги на международной арене документы о деятельности первого представителя Казахстана в ООН, представлены документы о деятельности Казахстана в ООН, инициативы Президента РК по сохранению мира и политике глобального разоружения. С выставкой ознакомились участники круглого стола «25-лет вступления Казахстана в ООН» представители дипломатического корпуса в Казахстане, постоянный представитель ООН в РК, сотрудники Министерства иностранных дел РК, студенты высших учебных заведений г. Астаны.



13 наурызда ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары ҚР Президенті Архивінің «Қазақстан халықаралық аренада» тақырыбындағы тарихи-құжаттық көрмемен танысты. Көрме ҚР Сыртқы істер министрлігінің жұмысына арналған «Қазақстан Республикасының Кеңестегі мүшелігінің басымдықтары» Үкіметтік сағаты барысында Парламент ғимаратының фойесінде қойылды.

13 марта депутаты Мажилісі Парламента РК имели возможность ознакомиться с историко-документальной выставкой Архива Президента РК «Казахстан на международной арене», развернутой в фойе здания Парламента во время Правительственного часа, посвященного деятельности Министерства иностранных дел РК «О приоритетах членства Республики Казахстан в Совете».



16 наурызда Қазақстан Республикасының Ұлттық музейінде «Қазақстан-Ресей: мәңгілік достық стратегиясы» атты тарихи-құжаттық көрменің ашылуы болды. Көрме Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы дипломатиялық қарым-қатынас орнатылуының 25 жылдығына арналған. Шараға Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының бірінші орынбасары М.Тажин, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрі А. Мұхамедияұлы, Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің директоры Б. Жапаров, Ресей Федерациясы Президенті Әкімшілігінің шет елдермен өңіраралық және мәдени байланыс жөніндегі өкілі В. Чернов, Ресейдің Федералды архив агенттігінің басшысы А. Артизов, Ресейдің Қазақстандағы Төтенше және өкілетті елшісі М. Бочарников, РФ Орталық мемлекеттік экономика архивінің директоры Е. Тюрина қатысты. Сонымен қатар көрменің ашылуына мемлекет және қоғам қайраткерлері, Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары, архив мекемелерінің басшылары мен қоғамдық ұйымдардың өкілдері де қатысты. Көрмеге ресейлік және қазақстандық архив қорларынан, соның ішінде Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының Президенті Архивтерінен алынған тәуелсіздік жылдарындағы екі мемлекет қарым-қатынастарының дамуы туралы архив құжаттары қойылды.

16 марта в Национальном музее РК состоялось открытие историко-документальной выставки «Казахстан и Россия: стратегия вечной дружбы». Выставка посвящена 25-летию установления дипломатических отношений между Республикой Казахстан и Российской Федерацией. В мероприятии приняли участие Первый заместитель Руководителя Администрации Президента РК М. Тажин, Министр культуры и спорта РК А. Мухамедиулы, директор Архива Президента РК Б. Джапаров, представитель Администрации Президента РФ по межрегиональным и культурным связям с зарубежными странами В.Чернов, руководитель Федерального архивного агентства А. Артизов, Чрезвычайный и Полномочный Посол РФ в Республике Казахстан М. Бочарников, директор Российского государственного архива экономики Е.Тюрина. Также присутствовали государственные и общественные деятели, депутаты Парламента РК, руководители архивных учреждений, представители общественных организаций. На выставке представлены архивные документы, рассказывающие о развитии казахстанско-российских отношений за годы независимости, из фондов казахстанских и российских архивов, в т. ч. из архивов президентов Республики Казахстан и Российской Федерации.



28 марта состоялось заседание Научного совета Архива Президента РК, на котором были представлены итоги научно-исследовательской работы Архива в 2016 г., а также заслушаны отчеты и обсуждены планы научно-исследовательских проектов «Военнопленные-казахстанцы Второй мировой войны: литература, источники и база данных» и «Голод 1930-х гг. в Казахстане: документы и факты». Научный совет Архива Президента РК утвердил представленные отчеты за 2016 г. и планы работ на 2017 г. Председатель Научного совета Архива, д. т. н., профессор Б.А. Джапаров отметил, что в прошлом году Архив впервые разработал и приступил к научным исследованиям, результаты которых выразятся в коллективной монографии по научным и методическим вопросам архивоведения и археографии. Член Научного совета Архива А.Т. Капаева, подчеркнув большую исследовательскую работу коллектива Архива, отметила, что сотрудники областных архивов должны перенимать опыт Архива Президента РК, т. к. здесь работают ученые и практики-архивисты с большим профессиональным опытом.



Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының кітапханасында құжаттау және құжаттардың ведомстволық сақталуын жетілдірудің бірлескен іс-шаралар жоспары бойынша ҚР Президенті Астана қ. Басқармасының (Филиал) бас сарапшылары Г.Ө. Құдайбергенова және А.А. Ермағамбетова **28 наурызда** іс жүргізу және құжаттарды архив сақтау бойынша семинар өткізді. Оған Кітапхананың құрылымдық бөлімшелеріндегі іс жүргізуге жауапты қызметкерлері қатысты. «Ұйымдастырушылық-өкімдік құжаттарды рәсімдеуге қойылатын талаптар», «Іс номенклатурасын құрастыру: іс номенклатурасын құрастыру бойынша әдістемелік дайындық», «Істер мен құжаттарды ведомстволық архивке тапсыру» тақырыптары бойынша әңгіме жүргізілді.

28 марта семинар по организации делопроизводства и архивного хранения документов в Библиотеке Первого Президента РК – Лидера Нации провели главные эксперты Управления Архива Президента РК в г. Астане (филиал) Г.У. Кудайбергенова и А.А. Ермағамбетова. В нём приняли участие ответственные за делопроизводство структурных подразделений Библиотеки.



29 наурызда Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстанның Стратегиялық зерттеулер институтында бірлескен іс-шара жоспарына сәйкес «Іс жүргізу және құжаттарды архивтік сақтау» тақырыбына семинары өткізілді. Онда Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстанның Стратегиялық зерттеулер институтының іс жүргізу және архив қызметіндегі жұмыскерлері қатысты. Семинарда ҚР Президенті Астана қ. Басқармасының (Филиал) бас сарапшылары Г.Ө. Құдайбергенова және А.А. Ермағамбетова «Ұйымдастырушылық-өкімдік құжаттарды рәсімдеуге қойылатын талаптар», «Іс номенклатурасын құрастыру: іс номенклатурасын құрастыру бойынша әдістемелік дайындық», «Істер мен құжаттарды ведомстволық архивке тапсыру» тақырыптарына дәріс оқыды. Қорытындылай келе архив ісі және іс жүргізу бойынша нормативтік құқықтық актілердің негізінде тәжірибелік сабақ және тәжірибелік ойын өткізілді.

29 марта в Казахстанском институте стратегических исследований при Президенте РК прошёл семинар «Делопроизводство и архивное хранение документов». В нём приняли участие работники делопроизводственных и архивных служб КИСИ. На семинаре выступили главные эксперты Управления Архива в г. Астане (филиал) Г.У. Кудайбергенова и А.А. Ермагамбетова по темам: «Требования к оформлению организационно-распорядительной документации», «Составление номенклатуры дел: методика подготовки по составлению номенклатуры дел», «Передача документов и дел в ведомственный архив».



29 наурызда ҚР Президентінің Архивінде «Мәңгілік Ел» қайраткерлері: жазушы Смағұл Елубай» тақырыбында белгілі жазушы С. Елубаймен шығармашылық кездесу өткізілді. ҚР Президенті Архивінің жазушымен кездесу ұйымдастыруына оның жазған «Ақ боз үй» атты өткен ғасырдың 30-шы жылдары халқымыз бастан кешірген ашаршылық зобалаңы туралы романы түрткі болды, сондай-ақ қаламгердің айтулы мерейтойы да іс-шарамен тұспа-тұс келді. Кездесуді ҚР Президенті Архивінің директоры Б.Ө. Жапаров ашып, С. Елубайды 70 жасқа толған мерейтойымен құттықтады. Сонымен қатар ашаршылық проблемасына қысқаша шолу жасап, ҚР Президенті Архиві «Мәңгілік Ел» қайраткерлері» тақырыбында қаламгерлер мен мемлекет және қоғам қайраткерлерімен кездесу өткізуді дәстүрге айналдырғанын және мұндай іс-шараның жас ұрпақты отан сүйгіштікке, тарихи танымдарын ашуда маңызы зор екендігін атап өтті. Кездесуде жазушының ашаршылық, сталиндік қуғын-сүргін жылдарын қамтыған «Ақ боз үй» роман-трилогиясы талқыланды. Қаламгердің әріптесі белгілі ақын Ғ. Жайлыбай сөз алып С. Елубайдың ерекше талантты ақыл-ой иесі ретінде атап өтті. «Ақ боз үйдің» ашаршылық тақырыбында жазылған алғашқы туынды екендігін, сондай-ақ романның аталған мәселенің бастапқысы болатынын, ашылмай қалған қасіретті тарихи оқиғаларды суреттейтін соны туындылар әлі де жарыққа шығуы тиістігін айтты. Аталған роман бойынша архив құжаттарымен өзара байланыстырыла сипатталған баяндама оқылды. Жазушы өз сөзінде «Ақ боз үй» сияқты шығармалар қандай қоғам, қандай саясат болмасын бүгінгідей жаһандану үрдісінде халықтың этностық тұтастығы мен құндылықтарының сақталуына ықпал етуі тиіс екендігін атап көрсетті. «Ашаршылық адамдардың жанын алды, тірі қалғандардың санасын алды. Алапат аштық пен қуғын-сүргіннен аман қалғандары өзін-өзі рухани жоғалтты. Ең қасіреттісі осы болды» – деп егілді жазушы. – «Бертін келе халықта ұждани болмыс кетті, рухани азғындау – қылмыс пен имансыздық күшейді. Тарихи арман – Тәуелсіздік алақанға қонған кезде ғажайып қазақ ұлты болып өмір сүруіміз керек. Ол үшін әрқайсысымыздың әр күніміз ұлттық болмысты сақтап қалу жолындағы күреске толы болу керек» – деп толғады. ҚР Президенті Архивінің кітапханасы іс-шараны тақырыпқа сәйкес кітап көрмесімен үйлестірді. Шығармашылық кездесуге жазушылар, қоғамдық ұйымдардың өкілдері, тарихшылар, архивистер, жоғары оқу орындарының студенттері қатысып, ашаршылық тақырыбында ой толғап, кездесуден алған әсерлерімен бөлісті. Кездесуге «EurasiaNet» интернет-порталының Орталық Азия бойынша бас тілшісі, журналист Джоанна Лиллис келіп қатысып, Қазақстандағы ашаршылық тақырыбы өзінің алапат жойқындығымен жан шошытатындығын айтты және Архивтің ашаршылық

жөніндегі зерттеу жұмыстарымен танысты. Кездесу соңында Архив директоры Б. Жапаров қаламгерге алғыс білдірді, сондай-ақ Архивте әлі талай тарихи романдар жазуға болатын құжаттар бар екендігін айтып, шығармашылық табыстар тіледі.

29 марта в Архиве Президента РК состоялась встреча с писателем С. Елубаев, автором романа-трилогии «Ақ боз үй» – «Одинокая юрта», в котором раскрываются страницы трагической истории – массового голода, пережитого казахским народом в 1930-х гг. XX в. На мероприятии принял участие секретарь Союза писателей Казахстана – поэт Ф. Жайлыбай. В своем выступлении он отметил, что С. Елубаев характерен особый взгляд на окружающий мир, и это получило свое отражение в романе «Ақ боз үй». С. Елубаев, отвечая на вопросы участников встречи, подчеркнул, что в своих произведениях он старался донести до читателей мысль, что надо стремиться сохранять этническую целостность, которая стала размываться в процессе глобализации. Голод убивал людей, ломал сознание выживших, народ утратил духовные ценности. Именно в этом был ужас трагедии. На мероприятии участвовали представители общественных организаций, историки, архивисты, студенты, которые делились своими мнениями о трагических событиях XX в.



10 сәуірде ҚР Президенті Архиві мен Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінде бірлескен іс-шаралар жоспарына сәйкес құжаттауды дамыту және құжаттарды ведомстволық сақтау мәселесін талқылауға байланысты жиналыс өтті. Жиналыста Әкімшілік департаментінің Құжатайналымы басқармасының жетекшісі Ж.Қ. Шалабаева және Агенттіктің архивісі Б.М. Нарымбаева сөз сөйледі. Жиналыс барысында Агенттіктің қызметін рейтингтік бағалау мәселесі де талқыланды. Сонымен қатар Архив Басқармасының бас сарапшысы М.Д. Көмекбаева Агенттіктің архив қоймаларын қарап, ұсыныстарын айтты. Жиналыс қорытындысы бойынша құжаттау және құжаттарды архивтік сақтау үрдісін әрі қарай жетілдіру жұмыстарын 2017 жылға арналған бірлескен Жоспарға сәйкес жүргізу туралы ұсыныс берілді.

10 апреля согласно Плану совместных мероприятий на 2017 г. Архива Президента РК и Агентства РК по делам государственной службы и противодействию коррупции состоялось рабочее совещание, на котором обсуждены вопросы по развитию документирования и ведомственного хранения документов по рейтинговой оценке деятельности Агентства. На совещании выступили руководитель Управления документооборота Административного департамента Ж.К. Шалабаева и архивист Агентства Б.М. Нарымбаева. Главный эксперт Управления Архива М.Д. Көмекбаева провела обследование архивохранилищ Агентства. По итогам совещания было рекомендовано дальнейшее совершенствование работы процессов документирования и архивного хранения документов.

11–12 сәуірде ҚР Президенті Архивінің директоры Б.Ә. Жапаров ҚР ҰҒА академигі Ә. Әшімовтың 80 жылдық мерейтойына арналған «Макроэкономикалық талдау мен экономикалық саясат жөніндегі математикалық тәсілдер және ақпараттық технологиялар» тақырыбымен өткен халықаралық ғылыми-практикалық конференция жұмысына қатысты. ҚР Президенті Архивіне мемлекеттік сақтауға алынған



құжаттар мен Ә. Өшімовтың жеке архивіндегі деректер негізінде «Академик Әбдіқаппар Өшімов 80 жаста» тақырыбымен тарихи-құжаттық көрме ұйымдастырылды.



12 сәуірде Айтбай және Садықбек Хангелдиндерді еске алуға арналған Дөңгелек үстел өткізілді. ҚР Президентінің Архиві соңғы 20 жыл көлемінде мемлекет және қоғам қайраткерлері, әдебиет пен өнердің көрнекті өкілдерінің жеке архивтерін жинақтау бойынша үлкен жұмыстар атқаруда. Қазақстанның белгілі тұлғаларына, олардың жеке архивтерін пайдалана отырып, іс-шаралар ұйымдастыру Архивтің ерекше дәстүрі мен оңтүстік астананың елеулі мәдени оқиғасына айналып отырғандығын Дөңгелек үстел қатысушылары да атап өтті. Өйткені, ел тарихының айтулы кезеңдері жекелеген тарихи тұлғалардың жеке тектік құжаттары арқылы сипатталатын болса, тарихты кез-келген жанның түсінуі мен қабылдауына оңай болады. Ағайынды Айтбай мен С. Хангелдиндер Қызылорда облысының тумалары, өз заманындағы Қазақстан мәдениетінің көрнекті өкілдері. «Мәңгілік ел» қайраткерлері» циклі аясындағы Айтбай және Садықбек Хангелдиндерге арналған шарада тарихи-құжаттық көрме ұйымдастырылып, С. Хангелдин туралы деректі фильм көрсетілді.



12 сәуірде Қазақстанда Ғылым қызметкерлерінің күні аталып өтті. Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты 2014 жылғы халыққа Жолдауында: «Ғылыми қамтымды экономика құру – ең алдымен Қазақстан ғылымының әлеуетін арттыру. Бұл бағыт бойынша венчурлік қаржыландыру, зияткерлік меншікті қорғау, зерттеулер мен инновацияларды қолдау, сондай-ақ ғылыми әзірлемелерді коммерцияландыру жөніндегі заңнаманы жетілдірген жөн. Ғылымды қаржыландыру көлемін біртіндеп арттырып, оны дамыған елдердің көрсеткіштеріне жеткізу жөнінде нақты жоспар қажет», – деп атап өткен еді. Қазақстанда Ғылым қызметкерлерінің күні Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 20 қазандағы Жарлығына сәйкес бекітілген болатын. Осыған орай, Ғылым ордасында Ғылым қызметкерлері күніне арналған «Қазақстанның үшінші жаңғыру кезіндегі ғылымы» форумы өтті. Шараға ҚР Президенті Архивінің Құжаттарды ғылыми жариялау басқармасының қызметкерлері М.Т. Жылгелдинов пен С.М. Шайжанова қатысты. Форумды ҚР Білім және ғылым министрі Е.К. Сағадиев ашты. Министр жиналған академиктер мен ғылым қызметкерлерін кәсіби мерекелерімен құттықтап, қазіргі уақыттағы ғылым саласы мамандарының алдында тұрған нақты міндеттерді атап, Министрлік тарапынан оның шешілуі жолында атқарылып жатқан шараларға тоқтады. Аталған Форумның пленарлық отырысында сонымен қатар ҚР Ұлттық ғылым академиясының президенті М.Ж. Жұрынов, ҚР Парламенті Сенатының депутаты А.Қ. Бижанов, «Ғылым қоры» АҚ президенті Ә.Ж. Сұлтанғазин, ҚР Жоғары оқу орындары қауымдастығының президенті Р.А. Алшанов баяндама жасады. Сондай-ақ, бұл күн – Қазақстанның Ұлттық ғылым академиясының ұйымдастырушысы және оның тұңғыш президенті, көрнекті ғалым Қ.И. Сәтбаевтың туған күні. Академик Қ.И. Сәтбаевтың мемориалдық музейі Қаныш Имантайұлын еске алу мақсатында атаулы күнге арнап музей қабырғасында көрнекті академиктер, қоғам қайраткерлері, Алматы қаласының ЖОО студенттері мен Қ.И. Сәтбаев атындағы № 56 мектептің оқушыларымен кездесу өткізді. Кездесуде сөз алған ҚР ҰҒА академигі, геология-минерология ғылымдарының докторы, профессор С.М. Оздоев ғалымның ХХ ғасырдағы Қазақстандағы ғылымның қалыптасуына қосқан үлесі, оның негізін қалау жолындағы еңбектеріне тоқталып өткен болса, Қ.И. Сәтбаевтың немересі Н.Қ. Жармағамбетов ғалымның өмір жолы мен отбасына қатысты қызықты мәліметтермен бөлісті. Іс-шарада ҚР Президенті Архивінің қызметкерлері дайындаған «Қ.И. Сәтбаев және Қазақстанның іргелі ғылымының қалыптасу тарихынан» тарихи-құжаттық көрмесінің тұсаукесері өтті. Көрмеде өткен жылы құрылғанына 70 жыл толған Ұлттық ғылым академиясының тарихына қатысты, атап айтқанда, 1932 жылы Қазақстанда тұңғыш рет Кеңестік Ғылым академиясының базасының ашылуы, 1938 жылы базаның КСРО ҒА Қазақ филиалы болып қайта құрылуына қатысты, 1940 жылдары республикалық ғылым академиясын ашуға қатысты дайындық жұмыстары туралы,

1946 жылы Қазақстанның Ғылым академиясының ашылуы, 1950-ші жылдардан Тәуелсіздік жылдарына дейінгі бас ғылым ордасының қызметіне қатысты құжаттар көпшілік назарына ұсынылды. Сонымен қатар көрме Академияның тұңғыш президенті Қ.И. Сәтбаевтың, әр жылдарда академияны басқарған Д.А. Қонаев, Ш.Ш. Шөкин, Ш.Е. Есенов, М.Ә. Айтхожин және т. б. өмірі мен қызметіне қатысты ҚР Президенті Архивінің Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық комитетінің қорындағы құжаттармен толықтырылды. XXI ғасыр – ғылым мен білімнің ғасыры. ҚР Ұлттық ғылым академиясының 70 жылдық мерейтойына арналған Жалпы жиналысының салтанатты сессиясында Н.Ә. Назарбаев XXI ғасырда, әсіресе, қолданбалы ғылымның көз ілеспес жылдамдықпен дамып жатқанын көріп отырмыз. Ғалымдар жаңа көзқарасқа көз тігуі тиіс. Біз әлемдік жаңа технологияларды игеріп, өзімізге бейімдеуіміз керек. Академиктермен кездесуімде дүниеде болмағанды ашу нағыз революция болар еді, бірақ дүниеде бар нәрсені Қазақстанға әкеліп бейімдеу, ол да ғылым деп айтқан болатынмын. Ғалымдарымыз осы іске белсенді атсалысуы қажет. Сондықтан дәуір сұраныстарына сай, олар ғылыми көзқарастарын қайта қарауы керек. Біз өнеркәсіптік ғылымның қажеттігін ескере отырып, гуманитарлық салаға да ұмтылуымыз керек», – деп айқындап өткен болатын.



14 сәуірде ҚР Президенті Архивінде екінші рет архивтану және іс жүргізуді ұйымдастыру мамандықтары бойынша олимпиада өтті. Олимпиада «Ұлт жоспары – бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадам» бағдарламасын іске асыру шеңберінде, студенттердің шығармашылық

белсенділігін дамыту және оларға болашақта архив мамандығы бойынша жұмыс жасауға ықпал ету мақсатында ұйымдастырылды. «Индустрализация және экономикалық өсім» институционалдық реформасын іске асырудың маңызды бір бөлігі - даярланатын кадрлардың бәсекелестік қабілетін арттыру болып табылады (79 қадам). Осы мақсатта Қазақстан Республикасы Президентінің Архивінде ауқымды жұмыстар жүргізілуде: архивте тұрақты түрде бірқатар жоғарғы оқу орындарының тарих факультетінің студенттеріне өндірістік тәжірибе ұйымдастырылады, оқу залында студенттер дипломдық және курстық жұмыстарын жазу үшін архив құжаттары бойынша зерттеулер жүргізеді, архивтің әр түрлі іс-шараларына қатысады, соның ішінде тарихи-құжаттық көрмелер, дөңгелек үстелдер, белгілі зерттеуші, тарихшылармен кездесулер өткізіледі. Олимпиаданың мақсаты – студенттердің ғылымға ынтасын арттыру, Ұлттық архив қорының құжаттарын әйгілеу, архив ісі мен құжаттануды насихаттау, архив мамандығының мәртебесін көтеру. Олимпиада екі тур бойынша өтті: I – тур. 10 сұрақтан тұратын тест тапсырмалары. II – тур. Үй тапсырмасы. Студенттер алдын ала берілген тақырыптар бойынша баяндама жасады. Әділ қазылар алқасының мүшелері: ҚР Президенті Архивінің басшылығы және әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқытушылары болды. Олимпиадаға әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Тарих, археология және этнология факультетінің «Мұрағаттану, құжаттарды жүргізу және құжаттамамен қамтамасыз ету» мамандығынан және Алматы көпсалалы колледжінің «Мұрағаттану» мамандығынан іріктеліп 16 студент қатысты. 4 студент жүлделі орындарға ие болды. Арнайы жүлдені «М.Ж. Хасанаевтың архив ісіне қосқан үлесі» тақырыбымен 2 курс студенті М. Шәріпхан жеңіп алса, 1-орынды 3 курс студенті С. Молдағазиева, 2-орынды Алматы көпсалалы колледжінің 3 курс студенті А. Әбіжан, 3-орынды 2 курс студенті Ә. Айтова иеленді. Қалған студенттер әр түрлі номинациялармен марапатталды. Жүлделі орындарға белгілі тарихшы, мемлекет және қоғам қайраткері М.Ж. Хасанаевтың атынан арнайы ақшалай шәкіртақы тағайындалды.



14 апреля в Архиве Президента РК состоялась II городская студенческая олимпиада по архивоведению и организации делопроизводства. Мероприятие подготовлено в рамках реализации Плана нации «100 конкретных шагов по реализации 5 институциональных реформ» и нацелено на развитие творческой активности студентов и привлечения их в будущем к работе архивистами. Цель олимпиады – привлечение студентов к научно-исследовательской работе, пропаганда документов Национального архивного фонда, повышение престижа профессии архивиста. Олимпиада состояла из двух туров: тесты и домашнее задание в виде презентации доклада по определенной теме. На олимпиаде участвовали студенты факультета истории КазНУ им. аль-Фараби и студенты Алматинского многопрофильного колледжа. 1-е место заняла студентка 3 курса КазНУ С. Молдагазиева, на 2-м месте студентка 3 курса колледжа А. Абижанова, на 3-м месте студентка 2 курса КазНУ А. Айтова. Призерам Олимпиады были вручены стипендии от имени М.Ж. Хасанаева – известного историка-архивиста. Специальный приз был присужден студентке 2 курса исторического факультета КазНУ М. Шарипхан за исследование «Вклад М.Ж. Хасанаева в архивное дело». Студент 2 курса КазНУ Д. Узакбай отмечен специальным призом председателя Общественного совета при Архиве Президента РК В.Н. Шепеля. Участники награждены дипломами номинаций.



18 сәуірде «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың мақаласын талқылау аясында, Қазақстан Республикасы Президентінің архивінде «Архивтер және қоғам» атты тақырыптық кездесу өтті. ҚР Президентінің мақаласында «рухани жаңғыру» реформасы Қазақстанның

Үшінші жаңғыруының түрлендіру мәселелерін шешудегі негізгі жолы ретінде қабылданған. Бұл реформа еліміздің саяси және экономикалық сапалы дамуының өзегі мен тірегіне айналады. Елбасының мақаласы өткеннің жағымды және прагматикалық тәжірибесін қолданып, Қазақстан дамуының өз жолын таңдауы ретінде келешекке берген уақтылы бағдары болып табылады. ҚР Президенті Архивінің директоры, техникалық ғылымдарының докторы, профессор Б.Ә.Жапаровтың кіріспе сөзіннен кейін, іс-шараның құрметті қонақтары: техникалық ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Ғылым академиясының академигі Ө.Ө. Әшімов; Ritsumeikan университетінің Құрметті профессоры, экономикалық ғылымдарының докторы Kei Karasawa (Жапония); профессор, Жүйелік зерттеулер мен кибернетика саласындағы озық зерттеулер халықаралық институтының директоры және директорлар кеңесінің төрағасы George E. Lasker (Канада) сөз сөйледі. ҚР Президенті Архиві директорының орынбасары, тарих ғылымдарының докторы Қ.Ш. Әлімғазинов іс-шараның негізгі баяндамашыларының бірі болып, қоғамның рухани жаңғыруындағы архившілердің ерекше рөлін атап көрсетті. Кездесуде, қоғам қайраткері, ҚР мемлекеттік қызметінің ардагері А. М. Мақұлбекова сөз сөйледі. Кездесу нәтижесін қорытындылай келіп, жақында өткен Архив мемлекеттік қызметшілерін аттестаттау жұмысына қатысқандары үшін Архив директоры Б.Ә.Жапаров қоғам қайраткерлері А.М.Мақұлбековаға, А.П.Беляновқа, К.М.Бишмановқа Алғыс хаттар табыстады.

18 апреля в Архиве Президента РК прошла тематическая встреча «Архивы и общество», организованная в рамках обсуждения статьи Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания». На мероприятии выступили почетные гости: А.А. Ашимов, д.т.н., профессор, академик Национальной академии наук РК; Kei Karasawa, Почетный профессор университета Ritsumeikan, доктор экономических наук (Япония); George E. Lasker, профессор, директор и председатель совета директоров Международного института передовых исследований в области системных исследований и кибернетики (Канада). С докладом выступил зам. директора Архива, д. и. н. К.Ш. Алимгазинов, подчеркнувший роль архивистов в модернизации духовной сферы общества. Также в обсуждении приняла участие общественный деятель, ветеран Государственной службы РК А.М. Макулбекова



21 сәуірде ҚР Мәдениет және спорт министрлігі «Орталық мемлекеттік ғылыми-техникалық құжаттама архиві» РММ, ҚР Білім және ғылым министрлігі Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтымен, «Қазақстандық Өділет тарихи-ағарту қоғамы» Республикалық қоғамдық бірлестікпен бірлесіп, «TENGRİ NEWS» Қазақстандық жаңалықтар порталының қолдауымен Алматы қаласының «Салтанат» қонақ үйінің конференц-залында «Тарихтағы тұлға: Қазақстанның инженерлік-техникалық ғылым зиялылары туралы дерек көздері. 1920–1950 жж.» Халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті. Іс-шараға Қазақстанның бірқатар архив мекемелерінің басшылары, ғалымдар, ЖОО оқытушылары, архивистер, музейтанушылар, өлкетанушылар және т. б. қатысты. Мәжілісті ҚР БҒМ Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты директорының орынбасары, т.ғ.к. Н.А. Атығаев жүргізді. Конференция қатысушыларына ҚР МСМ «Орталық мемлекеттік ғылыми-техникалық құжаттама архиві» РММ директоры Г.С. Сәрсенова алғысөз сөйледі. Конференцияға Астана, Алматы, Жезқазған, Қарағанды, Лисаковск, Павлодар, Мәскеу (Ресей), Самара (Ресей), Саратов (Ресей) қалаларынан 30-дан аса баяндамалар және 36 автордың хабарламалары ұсынылды. ҚР Президенті Архивінің қызметкерлері конференцияның жұмысына қатысып, «XXI ғасырдағы архив және қоғам: мәдени мұраны зерттеу және мемлекеттік бағдарламаларының орындалуы» ғылыми-зерттеу жұмысы аясында «Архивные источники о репрессированных зоологах» (Ж.Т. Байқаш), «Семей ет комбинатының құрылысы – Аспандияр Кенжиннің өмірбаянының бір беті ретінде» (Ә.Т. Сүлейменова), «Наследие инженера А. Зенкова в архивных и музейных коллекциях г. Алматы». (Е. В.Чиликова) хабарламалар жасады.



21 апреля в конференц-зале отеля «Салтанат» состоялась Международная научно-практическая конференция «Человек в истории: источники о научной и инженерно-технической интеллигенции Казахстана. 1920–1950-е гг.», посвященная 80-летию начала «большого террора» – памяти о жертвах политических репрессий. Организаторы мероприятия – РГУ «Центральный государственный архив научной технической документации» Министерства культуры и спорта РК, Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова Министерства образования и науки РК, Республиканское общественное объединение «Казахстанское историко-просветительское общество «Адилет». В мероприятии приняли участие руководители ряда архивных учреждений Казахстана, ученые, преподаватели вузов, архивисты, краеведы, музейеведы и др. На конференции представлено более 30 докладов и сообщений 36 авторов из Астаны, Алматы, Жезказгана, Караганды, Лисаковска, Москвы (Россия), Павлодара, Самары (Россия), Саратова (Россия), Усть-Каменогорска. Сотрудники Архива Президента РК в рамках научно-исследовательской работы «Архив и общество в XXI веке: роль архивов в реализации государственных программ по изучению и пропаганде культурного наследия» подготовили сообщения: «Архивные источники о репрессированных зоологах» (Ж.Т. Байқаш), «Семей ет комбинатының құрылысы – Аспандияр Кенжиннің өмірбаянының бір беті ретінде» (А.Т. Сулейменова), «Наследие инженера А. Зенкова в архивных и музейных коллекциях г. Алматы» (Е.В. Чиликова).



22 сәуірде ҚР Президенті Архивінің Кубогі үшін архившілер арасында волейболдан турнир өтті. Турнирге ҚР Президенті Архивінің «Жігер», Алматы қаласы Орталық мемлекеттік архивінің «Pride», «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ Ведомстволық архивінің «ЕНПФ» және әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің Тарих, археология және этнология факультетінің студенттерінен құралған «Брайтон» командалары қатысты. Тартысты өткен ойындарда «Жігер» командасы қарсыластарына қарсы өткізген 3 ойында жеңіске жетіп 1-орынды иеленді. «Жігер» командасына ғана жеңіліп, басқа екі ойынында жеңіске жеткен «Pride» командасы 2-орынға тұрақтады. Турнирде «ЕНПФ» командасын ұтып, 2 ойында жеңіліске ұшыраған «Брайтон» командасы 3-орынды місе тұтты.



24–25 апреля руководитель Управления архивных технологий Б.Д. Шайлазымов принял участие в республиканском семинар-совещании «Инновационное будущее архивов в контексте задач модернизации общественного сознания». Организатором мероприятия выступил Департамент архивного дела и документации Министерства культуры и спорта РК. Семинар-совещание проходило на базе Национального архива РК и Национального музея РК в г. Астане. В рамках мероприятия были рассмотрены деятельность архивных учреждений Казахстана в 2016 г. и предстоящие задачи на 2017 г., кадровые вопросы, обеспечение сохранности электронных документов, а также дальнейшие перспективы развития отрасли.



25 сәуірде ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында іс жүргізу және құжаттарды архивте сақтау жөнінде семинар өткізілді. Аталған семинар 2017 жылға арналған құжаттау және құжаттардың ведомстволық сақталуын жетілдіру бойынша бірлескен іс-шаралар жоспарына сәйкес ұйымдастырылды. Оған құрылымдық бөлімшелердің әдіскерлері, іс жүргізу және ведомстволық архив қызметкерлері қатысты.

25 апреля в Академии государственного управления при Президенте РК проведён семинар по делопроизводству и архивному хранению. В нем приняли участие методисты структурных подразделений, сотрудники делопроизводственных и архивных служб.



26 апреля в Архиве Президента РК состоялась презентация «Электронного архива», организованная в рамках реализации программы «Цифровой Казахстан» в соответствии с Посланием Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева «Третья модернизация Казахстана: глобальная конкурентоспособность». В мероприятии приняли участие представители Министерства культуры и спорта РК, НХ «Зерде», руководители государственных архивных учреждений. В ходе презентации обсуждены актуальные вопросы разработки и внедрения информационных технологий в государственных архивах Казахстана.



28 сәуірде ҚР Президенті Архивінің жанындағы Қоғамдық кеңес мәжілісінің отырысы өтті. Мәжілісте Қоғамдық кеңестің төрағасы В.Н. Шепель дайындаған құжаттарды сақтау қауіпсіздігі және архив қорының лаңкестікке қарсы қорғанысы бойынша Архивтің жұмысы туралы мәселе қаралды. Мәжіліске Архив басшылығы, Мамандандырылған күзет қызметі басқармасының өкілдері – полиция полковнигі Қ.Ж. Әбдіманапов, полиция капитаны Р.А. Досаев және «Өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі» Мемлекеттік мекемесінің өкілі – азаматтық қорғаныс майоры Н.В. Шелестова қатысты.

28 апреля состоялось заседание Общественного совета при Архиве Президента РК, на котором был рассмотрен вопрос о работе Архива по безопасности хранения документов и антитеррористической защищенности архивного фонда, подготовленный председателем Общественного совета В.Н. Шепелем. В заседании участвовали руководство Архива, представители специализированной службы охраны – полковник полиции К.Ж. Абдуманапов, капитан полиции Р.А. Досаев, службы пожаротушения и аварийно-спасательных работ – майор гражданской защиты Н.В.Шелестова



4 мамырда ҚР Президентінің Архивінде Жеңіс күніне орай «Қазақстан Ұлы Отан соғысында: тарих тағылымы» атты тарихи-құжаттық көрменің тұсаукесері өтті. Іс-шара Алматы қаласы музейлері бірлестігімен бірлесе отырып ұйымдастырылды. Көрмеде әскери құрамаларды жасақтау, халықты әскерге жұмылдыру туралы қаулылар, хаттамалар, анықтамалар мен тізімдер, қазақстандық Ұлы Отан соғысының батырлары туралы мәліметтер, соғыстағы ерлігі үшін «Халық қаһарманы» атағын беру туралы ҚР Президентінің Жарлықтары, «Эвакуация», «Депортация тарихынан», «Қазақстандық әскери тұтқындар» жобалары бойынша ҚР Президенті Архивінің жүргізіп отырған жұмыстарының нәтижелері және басқа құжаттар көпшілік назарына ұсынылды. Сонымен қатар, көрмеде Алматы музейінің Ұлы Отан соғысына қатысты жәдігерлері, оның ішінде Ф. Дзержинский атындағы Алматы тоқыма фабрикасының өнімдері – армия жауынгерлеріне арнайы шығарылған шлем телпесі мен қолғабы, соғыс жылдарында Алматы қаласында орналасқан эвакогоспитальдердің материалдары және т. б. экспонаттар орналастырылды. Дөңгелек үстелге Алматы қ. Медеу ауданының Ардагерлер кеңесі, «Генералдар кеңесі» республикалық қоғамдық бірлестігінің мүшелері, архившілер, Алматы музейінің қызметкерлері, ҚР ҰҚК Шекара қызметі академиясы, ҚР Қорғаныс министрлігі Құрлық әскерлерінің Әскери институты, Б. Момышұлы атындағы Алматы республикалық «Жас ұлан» мектебінің курсанттары қатысты.



4 мая в Архиве Президента РК открылась выставка «Казахстан в Великой Отечественной войне: уроки истории», организованная совместно с ГУ «Объединение музеев г. Алматы. Музей Алматы» и приуроченная ко Дню Победы. На выставке представлены постановления, протоколы, справки, списки по мобилизации, формированию воинских соединений, даны сведения о героях-казахстанцах, Указы Президента РК о присвоении героям войны звания «Халық қаһарманы»; сведения о работе архивистов по проектам «Эвакуация», «Из истории депортаций», «Казахстанцы-военнопленные». Экспонаты из Музея города Алматы – образцы продукции Алма-Атинской трикотажной фабрики им. Дзержинского, материалы эвакогоспиталей и другие предметы времен Великой Отечественной войны.



К 100-летию Движения Алаш

12 мая в Государственном историко-культурном заповеднике-музее «Азрет Султан» в рамках мероприятий «Туркестан – культурная столица Тюркского мира» состоялась международная научно-практическая конференция «Алашведение и музей» и прошла презентация фотовыставки «Алаштың айбынды ұлдары». На конференции участвовали ученые, музейеведы, архивисты Казахстана, России и Турции. От Архива Президента Республики Казахстан, заключившего в 2016 г. с «Азрет Султаном» двусторонний договор сотрудничества, были представлены 4 сообщения: «Формирование археографического фонда по проблеме движения Алаш» (по документам и материалам АП РК) (Е. Чиликова), «Мырзахан Төлебаевтың өмірі мен қызметі (1888–1938)» (Ж. Байкаш), «Алаш қозғалысы қайраткерлерінің шығармашылық мұрасы (Ж.Аймауытовтың «Қартқожа» романы кейіпкерінің ҚР Президенті Архивіндегі өмірбаяндық деректеріне шолу)» (А. Сулейменова), «Асылбек Сейітов – Алаш қозғалысының қайраткері» (С. Шайжанова). На пленарном заседании прозвучало 7 докладов, на 3-х секциях – 32 сообщения из Астаны, Стамбула, Алматы, Актюбинска, Кентау, Кызылорды, Павлодара, Семей, Тараза, Туркестана и Ульяновска.

Директор Государственного историко-культурного заповедника-музея «Азрет Султан» Аубакир Ж.М. подчеркнул что, только зная историю своей страны, начинаешь понимать особую ценность обретенной в конце прошлого столетия независимости, в приближении которой важную роль на рубеже XIX–XX столетий сыграли участники движения Алаш, впоследствии репрессированные тоталитарным режимом.

Гости мероприятия приняли участие в награждении номинантов фотоконкурса «Түркістан және тарихи ескерткіштер», совершили экскурсии по историческим местам.

Хранители архитектурного комплекса Азрет-султан обратили внимание коллег на мастерство зодчих и инженеров одного из самых грандиозных сооружений средневековья, внесённого в список Мирового наследия ЮНЕСКО. Музей-заповедник расположен в центре Туркестана, на территории мавзолея духовного наставника тюркоязычных народов Ходжа Ахмеда Яссауи, известного в народе как святой Азрет (Хазрет) Султан. Кроме этого сооружения XIV в., музей включает в себя ещё 8 исторических памятников, объединенных общей организационной и научной инфраструктурой: подземная мечеть «Хильвет» XII в.; «Жума мечеть» XVIII в., мавзолей Рабии Султан Бегим XV в.; «Восточная баня», которая использовалась по прямому назначению до 1975 г.; музеи истории г. Туркестана, археологии и этнографии XIV в., улицы г. Туркестана XIX в. Общая экспозиционная площадь этих музеев составляет 3794,52 кв. м. Основной фонд музея заповедника – 13 800 экспонатов.

Исторически сложилось так, что мавзолей был резиденцией власти, потому символично проведение Международной научно-практической конференции, посвященной 100-летию движения Алаш именно тут и именно в год объявления Туркестана культурной столицей Тюркского мира.





Алаш қозғалысына – 100 жыл

18 мамырда Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві мен Атырау облыстық Мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы, Атырау облыстық мемлекеттік архиві бірлесуімен Алаш қозғалысының 100 жылдығына орай «Тәуелсіздік тағылымы: Батыс Алаш Орда тарихынан» атты тарихи құжаттық көрме және белгілі мемлекет, қоғам қайраткерлерінің, зиялы қауымның, тарихшы ғалымдар мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерінің қатысуымен Дөңгелек үстел өткізді. Салтанатты іс-шараны Атырау облысы мемлекеттік архивінің басшысы **Алтынбек Бұхарзаұлы Нсанғалиев** ашты. Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің директоры Борис Әлікенұлы Жапаров, ҚР Президенті архиві басқармасының бас сарапшысы Әлия Сүлейменова, облыстық мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасының басшысы Әбіл Тауфиқұлы Жоламанов, облыстық атқарушы органдардың, жоғары оқу орындарының, бұқаралық ақпарат құралдарының басшылары, зерттеуші, өлкетанушылар, тарихшы ғалымдар және мекеме, ұйымдардан қызметкерлер қатысты.

Тарихи-құжаттық көрменің тұсаукесер рәсімінде лента қию салтанатпен жүргізілді.

«Тәуелсіздік тағылымы: Батыс Алаш Орда тарихынан» атты тарихи-құжаттық көрмені ҚР Президенті Архивінің бас сарапшысы **Әлия Сүлейменова** және «Азаттықты аңсаған Алаш» атты көрмені Атырау қаласы мемлекеттік архивінің пайдалану және жариялау бөлімінің басшысы **Рита Әділғалиева** таныстырды.

Дөңгелек үстелде «Алаш қозғалысы тарихының дереккөздері – Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің қорларында: жинақталуы, сақталуы және жариялануы» туралы ҚР Президенті Архивінің директоры, техника ғылымдарының докторы, профессор **Борис Әлікенұлы Жапаров** баяндама жасады.

«Мәлім де беймәлім Алашордашылар тарихы» туралы Атырау мемлекеттік университетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы **Ахмет Аққали Қабижанұлы**, «Алашорданың Батыс бөлімінде қызмет еткен Атыраулық мұғалімдер» жөнінде Атырау мемлекеттік университетінің оқытушысы, педагогика ғылымдарының кандидаты **Шахман Нағимов**, «Х.Досмұхамедов – мемлекет және қоғам қайраткері» тақырыбымен Атырау мемлекеттік университетінің педагогика ғылымдарының кандидаты **Ғабит Бақытжанұлы Базарғалиев**, «Алашорда» өкіметінің туын көтеріскен – Х. Досмұхамедов» жөнінде Атырау мемлекеттік университетінің доценті, аға оқытушы **Айдар Рамазанұлы Сабыров**, «Алаш партиясы – қазақтың тұңғыш демократиялық партиясы» туралы Атырау облысы мемлекеттік архивінің бөлім басшысы **Раиса Кенжеғұлқызы Тастемірова** баяндама жасады.

Баяндамашылар Алаш қозғалысы, Алашорда үкіметі және Алаш партиясының деректерінің белгілі бір орталықта жинақталуы тиістігін, зерттеу барысын тиянақтайтын арнайы бағдарлама жасауды ұсынды. Алаш қозғалысын зерттеудегі ақтандақтар жөнінде, Батыс өңірден шыққан Алаш қозғалысының қайраткерлері туралы ауыздан ауызға тараған деректер туралы әңгімеледі.





22 мамырда ҚР Президентінің Архивінде «Архив және қоғам» іс-шаралар аясында Алматы қаласындағы ГФР Бас консулы Йорн Розенбергпен кездесу өтті.

Кездесуді ҚР Президенті Архивінің директоры Б. Жапаров ашып, ГФР және ҚР арасында дипломатиялық қатынастардың орнатылуына 25 жыл толатынын атап өтті, сонымен бірге, ҚР Президентінің Архиві, оның қызметінің бағыттары және ғылыми жобалары туралы айтып берді.

Алматы қаласындағы ГФР Бас консулы Йорн Розенберг Архивтің ұжымына алғыс білдіріп, өткеннің тарихын біз архившілердің жұмысының негізінде білеміз. Архив іске асырып отырған жобалардың маңыздылығын, екі ел ынтымақтағының көпірі бұл қазіргі кезде Қазақстанда тұрып жатқан этникалық немістер деп атап өтті. Кездесуде ҚР Президенті Архивінің Құжаттарды ғылыми жариялау басқармасының жетекшісі Е.В. Чиликова «Формирование полиэтничного состава Казахстана: немцы по документам Национального архивного фонда РК» және бас сарапшы Ж.Т. Байқаш «О реализации АП РК проекта «Военнопленные-казахстанцы Второй мировой войны» тақырыптарында хабарлама жасады.



Іс-шараға «Возрождение» немістердің қоғамдық бірлестіктерінің Қауымдастығының өкілдері, ҚР Президенті Архивінің қызметкерлері қатысты.

Кездесу шеңберінде кітап көрмесі ұйысдастырылды, Архив ғимараты бойынша экскурсия жүргізілді, сонымен бірге Алматы қаласындағы ГФР Бас консулына Қазақстандағы немістердің тарихы бойынша құжаттардың көшірмелері және Архивпен шығарылған кітаптар сыйға тапсырылды.

22 мая в Архиве Президента РК в рамках цикла мероприятий «Архив и общество» прошла встреча с Генеральным консулом ФРГ в г. Алматы Йорном Розенбергом.

Открыл встречу директор Архива Президента РК Б.А. Джапаров. Он подчеркнул, что в этом году исполняется 25 лет установлению дипломатических отношений между ФРГ и РК. Рассказал об Архиве Президента РК, о направлениях его деятельности и научных проектах.

Генеральный консул ФРГ в г. Алматы Й. Розенберг поблагодарил коллектив за приглашение посетить Архив, отметил, что благодаря кропотливому труду архивистов мы узнаем историю прошлого. Также гость обратил внимание на важность проектов, которыми занимается Архив. Подчеркнул, что мостом сотрудничества между двумя странами являются этнические немцы, живущие ныне в Казахстане. На встрече выступили с сообщениями руководитель Управления научной публикации документов Архива Президента РК Е.В. Чиликова «Формирование полиэтничного состава Казахстана: немцы по документам Национального архивного фонда РК» и главный эксперт Ж.Т. Байқаш «О реализации АП РК проекта «Военнопленные-казахстанцы Второй мировой войны».

В мероприятии приняли участие представители Ассоциации общественных объединений немцев Казахстана «Возрождение», сотрудники Архива Президента РК.

В рамках встречи была организована книжная выставка, проведена экскурсия по зданию Архива, а также были вручены Генеральному консулу ФРГ в г. Алматы копии архивных документов по истории немцев в Казахстане и выпущенные Архивом книги.

Ақпаратты-әдістемелік бюллетень
№ 1 (23) 2017

Басуға 21.06.2017 ж. қол қойылды.
Офсеттік басылым. Гарнитура Arial.

ҚР Президентінің Архивінде басылып шығарылды.

050010, Алматы қ., Достық д-лы, 87-б
[www. archive.president.kz](http://www.archive.president.kz)